



ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ – ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Президентке ведомствоның жыл басынан бері атқарған жұмысының нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берілді.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, ҰҚК материалдары негізінде 43 адам лаңкестік пен діни экстремизм бабы бойынша сотталған және 34 азамат тергеліп жатыр. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 212 шетелдіктің Қазақстанға кіруіне жол берілмеді. Радикалды ұйымдарға мүше 1 498 шетелдік адамның елімізге келуіне шектеу қойылды. Террористік және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін іздеуде жүрген 12 шетелдік азамат ұсталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Терроризмге қарсы орталықтың кезекті отырысы өткізілгені жөнінде мәлімет берілді. Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытуға арналған



кешенді жоспарды жүзеге асыру барысы қаралды. Қазақстан арқылы лаңкестерді алып өту, лаңкестік әрекетке қажетті қаржыны аудару фактілерін ескере отырып, терроризм қаупін төмендету бойынша қосымша шаралар әзірленді.

Мемлекет басшысына Ішкі істер министрлігімен бірлесіп 13 қылмыстық топ-

тың қызметі тоқтатылғаны, олардың 142 мүшесі ұсталғаны және 40 азаматтың тұтқындалғаны туралы баяндалды. Заңсыз айналымда жүрген 282 атыс қаруы, 48 граната мен 4 586 оқ-дәрі тәркіленген.

Есірткі өндіретін 12 зертхана, сондай-ақ 13 халықаралық және 12 өңірлік тасымал арнасы жойылған. Заңсыз айналым-

нан 3,2 тонна есірткі мен психотропты заттар, 7,5 тонна прекурсорлар алынды.

Сыбайлас жемқорлық пен құқыққа қайшы басқа да әрекет жасаған мемлекеттік және құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін 15 лауазымды тұлға құрықталды. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында 1,6 триллионнан аса теңге көлемінде мемлекетке келтірілетін залалға тосқауыл қойылып, оның 220 миллиард теңгесі қазынаға қайтарылды.

Мемлекеттік шекараны бұзған 16 мыңнан астам адам ұсталды. 3 025 тұлға елден шығарылды. Қару-жарақ пен ок-дәрі, есірткі және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтпек болған 600-ден аса факті әшкереленді. Шекара арқылы 11 миллиард теңге мен құны 16,6 миллиард теңге болатын тауарларды заңсыз алып өтуге жол берілмеді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіне жасалған 796 миллион кибершабуыл әшкереленген.

Кездесу соңында Президент ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасыл климат қорының атқарушы директоры Мафальда Дуартені қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Жасыл климат қорының ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз қоршаған ортаны қорғауға, соның ішінде орман қорын сақтау мен көбейтуге, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

Қазақстан келесі жылы Аймақтық климат саммитін өткізуді жоспарлап отыр. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты — өзекті мәселелердің шешімін бірлесіп іздеу, табиғат өзгерістеріне бейімделу, азық-түлік пен су қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өз кезегінде Мафальда Дуарте климат проблемаларын шешуге бағытталған Қазақстанның күш-жігеріне қолдау білдіріп, Ұлттық бейімделу жоспарының орындалуына жоғары баға берді. Табиғат апаттарының тәуекелдерін басқару және ерте құлақтандыру жүйелерін енгізуді қарастыратын аталған жоба Жасыл климат қорының және БҰҰ Даму бағдарламасының қатысуымен жүзеге асырылып жатыр.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында табиғатты аялау және қоғамның экологиялық мәдениетін жетілдіру маңызды екені айтылды.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ МЕН ИНКЛЮЗИЯ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваны қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа бала құқықтарын қорғау және жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту бағытында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берілді.



Соңғы екі жылда балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың, суицидтің және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар шара қабылданып, бағдарламалар мен заңдар әзірленді. Аталған жұмыс аясында Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің бастамасымен заңнамаға 120 түзету енгізілді.

Динара Зәкиева биыл 13 өңірдегі және 73 елді мекендегі ахуалға мониторинг жүргізілгенін, соның ішінде 272 мекемедегі балаларға жасырын сауалнама жасалғанын, 173 отбасыда тәрбиеленіп жатқан жеткіншектердің жағдайымен танысқанын айтты. Тексеріс қорытындысы бойынша бала құқықтарын қорғауға қатысты қабылданған заң нормаларын бұзған 171 дерек анықталған.

Бұдан бөлек, аймақтардағы 112 отбасылық қолдау орталығының тиімді жұмыс істеп жатқаны белгілі болды. Олар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен балалар құқығын қорғау мақсатында ашылған болатын.

Облыс әкімдіктері жанынан бала құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма құру жұмыстары қолға алынды. Сондай-ақ балаларды қорғауға жауапты өңірлік органдардың міндеттері мен мәртебесін айқындайтын заң жобасы дайындалып жатыр.

Бұған дейін Мемлекет басшысы қабылданған заңдарды іске асыру жөнінде міндет жүктеген еді. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Президент тапсырмасының орындалу барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамыту мен оңалту орталықтарын құру жұмыстарын жандандыруға

тоқталды. Қазіргі кезде «Қазақстан халқына» қоры серіктестерімен бірге 49 оңалту орталығын ашты. Бұл мекемелерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға қызмет көрсетіледі.

Сонымен қатар кездесуде «Қазақстан балалары» бағдарламасын әзірлеу, онлайн қауіпсіздікті қамтамасыз ету және кәметке толмаған азаматтардың жеке мәліметтерін қорғау мәселелері талқыланды.

Президент бала құқықтарын қорғауға кепілдік беру жүйесін нығайтып, жеткіншектерді жан-жақты қолдау тетігін қалыптастыру үшін жергілікті атқарушы органдар мен өңірлік уәкілдердің күш-жігерін жұмылдыру маңызды екеніне назар аударды. Бұдан бөлек, мектептердегі инклюзивті білім беру ісін дамытуды көздейтін қосымша шаралар қабылдауды тапсырды.

САЯСАТ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ӨЗАРА ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ МАҚҰЛДАНДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы халықаралық келісімді ратификациялады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында қаралған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң екі ел арасындағы инвестицияларды өзара қорғауға бағытталған. Талқылау кезінде атап өтілгендей, Қырғызстанмен стратегиялық әріптестік Орталық Азиядағы өңірлік интеграцияны одан әрі дамыту перспективаларына жол ашады. Сондай-ақ мұндай қадам халықтарымыздың арасындағы байланыстардың өсуіне және нығаюына ықпал етеді.

«Қаралған келісім екі ел арасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту және өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатымен әзірленген. Құжат бір мемлекеттің инвесторларының екінші мемлекеттің аумағындағы инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді. Жалпы, бұл заң бауырлас елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға оң септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Заң екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша қолайлы режим жасау тәртібі мен шарттарын айқындайды. Атап айтқанда, бір Тараптың екінші Тараптың аумағындағы инвестицияларын жүзеге асыру, сондай-ақ екі мемлекеттің аумақтарындағы инвестициялық қызметке байланысты мәселелер реттеледі. Келісім нормаларына сәйкес кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестициялар әділ және тең құқылы режимді, сондай-ақ екінші Тарап мемлекеті аумағында толық қорғалуды және қауіпсіздікті пайдаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына бірінші оқылымда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарау енгізіледі. Құжат ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға, атап айтқанда, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (FATF) ұсынымдарына сәйкестендіру мақсатымен әзірленген.

Заң жобасы аясында қаржылық мониторинг субъектілерінің тізімін кеңейту ұсынылады. Олардың қатарына ұялы байланыс операторларын және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын қосу көзделіп отыр. Сондай-ақ қаржылық мониторинг субъектілерінің уәкілетті органға күмәнді қызмет жөнінде хабарлама жіберу міндетін енгізу ұсынылады. Бұдан бөлек, қолма-қол түрде мәдени құндылықтарды сатып алу немесе сату, оларды әкелу немесе әкету, сондай-ақ цифрлық активтермен жасалатын операциялар бойынша 5 миллион теңгеге тең немесе одан асатын сомаға шекті мән белгіленеді. Сонымен қатар заң жобасында қаржылық операциялардың ашықтығын арттыруға, қаржылық мониторинг жүйесін нығайтуға және кірістерді заңсыз жолмен заңдастыруға (ақшаны жылыстатуға) әрі терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес шараларын күшейтуге бағытталған бірқатар басқа норма да қарастырылған.

Екінші оқылымда депутаттарға Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыруға қатысты түзетулерді қарау ұсынылып отыр. Заң

жобасын Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы аясында берілген тапсырмаларын орындау үшін Үкімет әзірлеген. Бұл түзетулер құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын әділеттілік пен жауапкершіліктің сәйкестік қағидаттарына сай келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары конституциялық құндылықтары мен негізгі қызмет қағидаттарын тиімді қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» және ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін мәжбүрлеу мәселелеріне қатысты заңнамалық түзетулерді қарайды.

Жалпы отырыста Мәжіліс бірқатар жаңа халықаралық құжатты жұмысқа алуды жоспарлап отыр. Олар: Ресей Федерациясымен Қостанайдағы Челябинск мемлекеттік университетінің филиалының жұмыс істеуі туралы келісім, Түрікменстанмен қылмыспен күресте ынтымақтастық жөніндегі келісім, Қатар мемлекетімен қазақстандық азаматтарды жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісім, сондай-ақ 2003 жылғы 25 желтоқсанда жасалған Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама.

Сонымен қатар күн тәртібінің жобасында Сенат ұсынған «Ақвасаруашылық туралы» заңның жекелеген баптарында жаңа редакцияда енгізілген өзгерістер де қаралады.

ТАУ КЛАСТЕРІН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Алматыға жұмыс сапары барысында Алматы тау кластері аумағын тікұшақпен аралап көрді. Сонымен қатар жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшылығы және отандық халықаралық сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен саланы одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Алматы тау кластерін дамыту мақсатында кешенді жоспар әзірленді, оған сәйкес Түргеннен Қаскелеңге дейінгі келешегі зор 3 басым аймақ — шығыс, орталық және батыс аймақтары айқындалды. Онда әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым және халыққа қолжетімді 300-ден 700 шақырымға дейінгі тау шаңғысы трассаларын салу көзделген. Бір ғана орталық аймақта көтергіштер санын 16-дан 58-ге дейін көбейту жоспарланып отыр. Мұндай шаралар нәтижесінде өткізу қабілетін 5,6 есеге — тәулігіне 6 мың адамнан 34 мың адамға дейін арттырып, 10 мыңнан астам

жаңа жұмыс орындарын ашу күтілуде. Алматы тау кластері 2029 жылға қарай Орталық Азиядағы жыл бойы жұмыс істейтін ең ірі туристік жобаға айналады деп жоспарлануда.

Премьер-Министр Шымбұлақ, Ой-Қарағай, Пионер, Қимасар және Бутаковка сияқты орталық аймақты дамыту жоспарларымен танысты. Француздың Stem International компаниясының бас директоры Винсент Тассар қысқы туризммен қатар жазғы инфрақұрылымды дамытуға — вело және жаяу жүргіншілер жолдарын қалыптастыруға, белсенді демалыс орындарын,



глампинг, этно-конакүйлер нысандарын салуға және экологиялық таза көлікті іске қосуға баса назар аударылғанын атап өтті. Орнықты даму стандарттарын, оның ішінде

жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды және қоршаған ортаның цифрлық мониторингін енгізу жоспарланып отыр.

КӨГАЛДАНДЫРУДА КІЛТИПАН КӨП

«АМАНАТ» партиясы жанындағы Экологиялық кеңес көгалдандыру жұмыстарындағы жүйелі олқылықтар мен экологиялық саясатты жақсарту жөніндегі партиялық ұсыныстарға мемлекеттік органдардың бейжай қарауын сынға алды. Бюджеттен миллиондаған теңге бөлінгенімен, нәтиже мардымсыз. Мәселен, бірқатар өңірде әлі күнге дейін цифрлық мониторинг жүйелері енгізілмеген, ал жауапты ведомстволар нақты диалогтің орнына ресми жауаптармен шектелуде.

Бұл туралы Мәжіліс депутаты, кеңес төрағасы Бауыржан Смағұлов мәлімдеді. Оның айтуынша, былтыр кеңес жеті отырыс өткізіп, 92 ұсыныс әзірлеген — соның 85-і орталық мемлекеттік органдарға, 34-і әкімдіктерге жолданған. Алайда толыққанды кері байланыс жекелеген ведомстволардан ғана түскен. Экология және Ұлттық экономика министрліктері сынды негізгі ведомстволар өтініштерді елемей, тек ресми жауаптармен шектелген.

Кеңес отырысы барысында министрліктер өкілдері де жүйелі проблемалардың барын мойындады. Экология министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Мақсат Елемесовтің айтуынша, 2021—2024 жылдар аралығында Президенттің тапсырмасымен елді мекендерде 14,3 миллионнан астам ағаш отырғызылған. Алайда жасыл желек-

терге мониторинг жүргізу тек жекелеген аймақтарда жолға қойылған, сегіз өңірде бұл жұмыс бәсең күйде. Бұған басты себеп — қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі жұмыстың болмауы.

Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығының басқарма төрайымы Айгүл Соловьева есеп үшін «есеп» беруді доғарып, нақты нәтижелерге көшу қажет екенін айтты. Сондай-ақ ол экологиялық күн тәртібіне регенеративті егіншілік пен орман қалдықтарын экономикада пайдалану мәселелерін енгізу қажетін атап өтті.

Кеңес төрағасының орынбасары Елдос Абаканов тағы бір өзекті мәселеге тоқталды. Ол бірыңғай әдістемелердің болмауы және цифрландыру деңгейінің төмендігі мәселесін тілге тиек етті. Цифрлық мониторинг



жүйесі 2021 жылы іске қосылады деп жарияланғанымен, бүгінде ол тек сегіз өңірде жұмыс істейді. Дегенмен бұл бағытта қаржы тұрақты түрде бөлініп келеді.

«12 өңірде цифрландыру әлі басталған жоқ. Бұл мәселе неге бес жыл бойы шешілмей келеді? Біз аталған жағдайды Партиялық бақылау комитетінің қарауына беруді ұсынамыз. Ол жерде тексеріс қатаң болады», — деді ол.

Талқылау барысында бұдан да күрделі мәселе анықталды: Қазақстанда қалалар мен ауылдардағы жасыл желектердің жай-күйіне жауапты уәкілетті орган әлі жоқ. Барлық жауапкершілік әкімдіктерге жүктелген, ал министрлік тек үйлестіруші рөлді

атқарады. Осылайша, экологиялық бағдарламалардың дұрыс жүзеге аспауы тиімді нәтиже бермей отыр.

Қорытынды сөзінде Бауыржан Смағұлов кеңес құрамында өңірлердегі нақты мәселелермен күнделікті бетпе-бет келіп жүрген танымал сарапшылар бар екенін атап өтті.

«Біз көтеріп отырған мәселелер «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының міндеттерімен тікелей байланысты. Бұрын қабылданған барлық ұсынысты профильді органдарға қайта жолдаймыз және бір ай ішінде мазмұнды жауап күтеміз», — деп түйіндеді депутат.

МҰҒАЛІМНІҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК БОЛУҒА ТИІС

«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу және педагогтердің мәртебесін арттыру мақсатында «Мұғалім Talks» кейсплатформасын ұйымдастырды. Іс-шараға өңірге қарасты аудандардан іріктелген 250-ден астам мұғалім, білім беру саласының ардагерлері мен сарапшылар қауымы қатысты.



TED-алаңына шақырылған мектеп директорлары мен педагогтер өз тәжірибелерімен, қызықты оқиғалармен бөлісті. Іс-шара ашық ойталқы форматында өтіп, отандық білім беру саласын дамыту жолдары талқыланды.

Өз кезегінде, «АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов білім беру саласы әрқаз Мемлекет басшысының назарында екенін атап өтті. Сондай-ақ ол ұстаздар қауымының мәртебесін арттыру және білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу — партияның негізгі бағыттарының бірі екенін жеткізді.

«Мұғалім Talks» — білім беру саласындағы жанашыл көшбасшыларды, өз ісіне адал мұғалімдерді, қоғам өміріне оң өзгеріс алып келуге ниетті жанашыр жандарды тоғыстырып отыр. Мұғалім — мәртебелі мамандық. Сіздер ел ертеңін қалыптастырасыздар. Ал осындай еркін пікір алаңы — тәжірибе алмасуға, тың идеялармен бөлісуге, қанаттануға, шабыт алуға берілген зор мүмкіндік», — деді Дауыл Бейсенқұлов.

Осы орайда Жамбыл облыстық Білім басқармасының басшысы Нұрбек Оршыбеков «Мұғалім Talks» кейсплатформасы өңірдегі ұстаздар қауымының тәжірибесін арттыратын бірегей алаңға айналарына сенім білдіріп, алдағы уақытта бұл бастаманың ауқымын кеңейтуге дайын екенін жеткізді.

Айта кетейік, іс-шара аясында арнайы байқау ұйымдастырылып, оған барлығы 17 педагог қатысты. Олар 3 бағыт бойынша шығармашылық жұмыстарын ұсынып, тың идеяларымен бөлісті. Осылайша, әссе жазу, бейнежазба ұсыну және ойталқы кезеңдері бойынша үздіктер анықталды.

Бас жүлде Қордай ауданынан келген тарих пәнінің мұғалімі Әлішер Аяпбергенге бұйырды. Ал Тараз қаласындағы «Дарын» лицей-интернатының физика пәні мұғалімі Рауан Жаңабай 1-орын, А. Макаренко атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Салтанат Кусева 2-орын иеленді. Жүлделі 3-орын №39 мектеп-гимназиясының директоры Гүлнар Раптаеваға бұйырды.

Аутизм және психикалық бұзылу белгілері бар балаларға ерте диагностика жасалмайды. Ал олардың ата-аналарына тиісті көмек көрсетілмейді. Жаңартылған хаттамаларға қарамастан, көптеген жалпы тәжірибе дәрігерлері әлі күнге дейін нәрестелердің дамуындағы алаңдатарлық белгілерді дер кезінде байқай алмайды. Сарапшылар диагностиканың бірыңғай алгоритмін енгізуді және ерекше балалары бар отбасыларды қолдау жүйесін құруды ұсынуда.

ДИАГНОСТИКА ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУ ҰСЫНЫЛДЫ

«АМАНАТ» партиясының Хатшысы, партияның Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каринова, Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Закария және Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ Петропавлда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін жеке ұйымдардың басшыларымен кездесті. Іс-шараға 300-ден астам адам — өңірдегі белсенді әйелдер, ҰЕҰ басшылары мен жұртшылық өкілдері қатысты.

«Ұлттық құрылтай отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ерекше қажеттілігі бар балаларды оналту және дамыту орталықтарын барынша көп ашу қажет екеніне айрықша назар аударды. Болашақта бұл балалар лайықты өмір сүруі, әлеуметтенуі және біздің қоғамның белсенді мүшелері болуы керек. Сондықтан бұл бағытта заңнамаға көп өзгеріс енгізілді. Биыл партиямыз жаңа түзетулер енгізу бойынша жұмыс істеп жатыр. Ең бастысы — кадр, әдістеме және диагностика базасы мықты болуы керек», — деді Шолпан Каринова.

«Мой ребёнок» ҚБ басшысы Татьяна Ковалева атап өткендей, жаңартылған клиникалық хаттамаларға қарамастан, жалпы тәжірибе дәрігерлері, невропатологтар және педиатрлар кішкентай балалардың бойындағы аутизм белгілерін әрдайым ерте жастан анықтай бермейді, тиісті тексерулерге жібермейді және ерте

араласу жұмысын қолға алмайды. Ол денсаулық сақтау саласының бастапқы буынында қолдану үшін міндетті бірыңғай диагностикалық алгоритмді, соның ішінде ата-аналармен сауалнама жүргізуді және кенауқымды тексеру тізімін енгізуді ұсынды.

«Бала өмірінің алғашқы жылында-ақ педиатр оның дамуындағы «алаңдатарлық белгілерді» байқап, шара қолдануға тиіс. Өкінішке қарай, бұл жұмыс жүргізілмей отыр. Ата-аналар баланы тексеруден өткізу кезінде кедергіге тап болады. Мамандарға жолдама берілмейді. Сауалнама жүргізілмейді», — деді ол.

Диагностикадан бөлек, кездесуге қатысушылар бала диагнозына көз жеткізген ата-аналардың психологиялық және ақпараттық оқшаулануы туралы мәселе көтерді. «Көмек» орталығының негізін қалаушы Ғалия Баязитова өңірде Ерекше балалардың ата-аналарын қолдау мектебін құру бастамасын көтеріп, өз пікірін білдірді.

«Диагноз қойылғаннан кейін көп ата-ана қорқыныш, кінә және абыржу сынды сезімдерімен жалғыз күреседі. Бір адамның салы суға кетеді, бірі жұмыстан шығады, ал енді бірі ажырасып тынады. Бізге жүйелі, қауіпсіз, қолдау көрсететін орта қажет», — деді ол.

Осы күні партияластар «№2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметімен және «Қамқорлық» ерте араласу орталығының жұмысымен танысты.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық ынтымақтастық жыл сайын жаңа серпін алып келеді. Ұлттық банк ұсынған деректерге сүйенсек, 2024 жылы отандық инвесторлар Түрікменстанға 16,1 млн АҚШ доллар көлемінде тікелей инвестиция жасаған. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 23,8%-ға жоғары. Жақында Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында екі ел арасындағы инвестицияларды қорғау жайлы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы мақұлданған еді. Мұндай маңызды құжат инвестициялық байланысты нығайтып, өзара экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің негізі болмақ. Екі елдің географиялық жақындығы мен тарихи-мәдени ұқсастығы да өзара әріптестікті дамытуға айтарлықтай ықпал етіп отыр. Осы орайда Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы экономикалық байланыстардың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, мәжіліс депутаты Болат Керімбекпен сұхбаттасқан едік.

— Болат Бакбергенұлы, бұл келісімнің Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы экономикалық қатынастарға әсері қандай болмақ?

— Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы инвестицияларды қорғау туралы заң жобасы — екі елдің экономикалық байланысын жана деңгейге көтеретін маңызды қадам. Бұл келісім — тарихи құжат. Өйткені соңғы 30 жылда Қазақстан мен Түрікменстан арасында инвестициялық ынтымақтастықты жоғарғы деңгейде заңдық тұрғыдан бекіткен мұндай келісім болған жоқ. Осыған дейін Түрікменстан сыртқы саясатта бейтараптық ұстанатын елдің бірі еді. Сонымен қатар бес көрші мемлекеттің ішінде әлі күнге дейін Қазақстан азаматтары бұл елге визамен барады. Бұл жағдай екі ел кәсіпкерлерінің қатынасына, өзара инвестициялық мүмкіндіктерді толық пайдалануға кедергі келтіріп келді.

Дегенмен соңғы жылдары мемлекетаралық қарым-қатынаста он өзгерістер байқалуда. 2024 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ашхабадқа ресми сапары барысында тараптар экономикалық, көлік, энергетика, мәдени-гуманитарлық салаларды қамтитын 20-дан астам құжатқа қол қойды. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі — инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім. Бұл құжаттың мақсаты — екі елдің инвесторларына тең құқық пен қорғау кепілдіктерін беру.

2024 жылы желтоқсанда бұл келісімді Түрікменстан парламенті мақұлдаған болатын. Біз қазір оны Сенаттың қарауына ұсындық. Бұл қадам жүзеге асқан жағдайда екі ел арасында инвестициялық климаттың тұрақты әрі сенімді негізі қалыптасады. Кәсіпкерлер үшін ең маңызды мәселе — құқықтық кепілдік. Құқықтық база болмаса, инвесторлар үлкен қаражат салуға тәуекел ете алмайды. Сондықтан мұндай келісімдер шетелдік капиталды тартуда шешуші рөл атқарады.

— Келісім аясында инвесторлардың құқықтары қалай қорғалады?

— Бұл келісім тек экономикалық құжат емес, ол — екі ел арасындағы өзара сенім мен саяси диалогтің символы. Инвестиция — тек капитал емес, ол — технология, ноу-хау, жұмыс орындары, жана өндірістер. Сол себепті келісімнің басты мақсаты — Қазақстан мен Түрікменстан аумағында жұмыс істейтін инвесторларға әділ, тең және ашық режим



Болат КЕРІМБЕК,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

СЕНІМ мен САЯСИ ДИАЛОГТІҢ СИМВОЛЫ

ұсыну. Яғни, екі ел де өз территорияларында шетелдік инвесторларға жергілікті кәсіпкерлермен тең дәрежеде құқық пен мүмкіндіктер беруге міндеттеледі. Сонымен қатар инвестициялардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы да қамтамасыз етіледі.

Келісім экспроприациядан қорғау, инвестициялық дауларды халықаралық арбитраж арқылы шешу мүмкіндігі, сондай-ақ табыс репатриациясына кедергі келтірмеу сияқты маңызды ережелерді қамтиды. Мұндай нормалар халықаралық инвестициялық құқықтың негізгі стандарттарына сәйкес келеді және екі елдің де инвестициялық тартымдылығын арттырады.

— Келісім энергетика, нақтырақ айтқанда, газ саласына қандай серпін береді деп ойлайсыз?

— Энергетика — Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ең әлеуетті ынтымақтастық бағыттарының бірі. Түрікменстан — әлемдегі ірі газ қоры бар бес мемлекеттің бірі. Олар бұл ресурсты негізінен Қытай, Ресей және Иран секілді елдерге экспорттайды. Біз де өз еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы мүмкіндікті тиімді пайдалануымыз қажет.

Президенттің Ашхабадтағы сапары кезінде «ҚазМұнайГаз», QazaqGaz сияқты ірі ұлттық компаниялар нақты жобалар бойынша келіссөздер жүргізді. Түрікменстанмен бірлесіп газ кен орындарын барлау, игеру, құбыр тарту және инфрақұрылым салу мәселелері талқыланды. Мысалы, Қазақстандағы «Сарыарқа» газ құбыры жобасы — еліміздің солтүстік және шығыс аймақтарын газбен қамтудағы маңызды қадам. Бірақ бұл аймақтарды толық қамтамасыз ету үшін қосымша газ көздері қажет. Сондықтан Түрікменстанмен 10-20 жылға жоспарланған ұзақмерзімді стратегиялық серіктестік біздің ішкі нарықтағы тапшылықты шешуге септігін тигізген еді. Демек, бұл келісім — тек бүгінгі күннің емес, болашақтың да инвестициясы.

— Аталмыш құжат көлік және транзит саласына қалай ықпал етеді?

— Екі ел Еуразияның маңызды страте-

гиялық нүктесінде орналасқан. Сондықтан көлік-логистика саласындағы әріптестіктің дамуы — басым бағыт. Түрікменстан — Иран мен Ауғанстан арқылы Парсы шығанағына, ал Қазақстан — Ресей мен Қытай арқылы Еуропа мен Азияға шығатын маңызды қаппа. Бұл тұрғыда өзара тиімді логистикалық шешімдер мен транзиттік жобаларды дамыту



2024 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ашхабадқа ресми сапары барысында тараптар экономикалық, көлік, энергетика, мәдени-гуманитарлық салаларды қамтитын 20-дан астам құжатқа қол қойды.

аймақтық сауда ағынын арттыруға үлкен серпін береді.

Қазір Қытайдан келетін жүк ағындары «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» автодәлізі және Ақтау порты арқылы Түрікменстанға да жеткізілуде. Дегенмен визалық шектеулер мен көлік логистикасының дамымауы екі ел арасындағы тауар айналымын тежеп отыр. Одан бөлек, бүгінде Ашхабадқа Астана немесе Алматыдан тікелей ұшақпен жету мүмкін емес. Көп жағдайда кәсіпкерлер Түрікменстанға Ыстанбұл немесе Дубай арқылы қатынауға мәжбүр. Бұл логистикалық жағынан тиімсіз және уақыт жағынан да қолайсыз.

2024 жылы екі елдің көлік министрліктері азаматтық авиация саласында келіссөздер жүргізді. Болашақта «Ашхабад — Алматы», «Түрікменбашы — Ақтау» бағыттары бойынша тікелей немесе транзиттік рейстер ашылуы мүмкін. Егер бұл жүзеге асса, бизнес өкілдері мен туристер үшін жол ашылып, сауда айналымы да арта түсер еді.

— Ал заңда инвестициялық дауларды шешу бойынша механизмдер қарастырылған ба?

— Иә, кез келген елде инвестициялық даулар болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Аталған келісім мұндай дауларды шешудің бірнеше жолын ұсынады. Ең алдымен, дау қай елдің аумағында туындаса, сол елдің ұлттық заңнамасы шеңберінде арбитраж арқылы шешуге болады. Егер тараптар келіссе, дауды халықаралық арбитраж арқылы қарастыруға немесе медиация тәртібімен бейбіт жолмен реттеуге мүмкіндік бар. Бастысы — тараптар өзара мәмілеге келу мен ынтымақтастық рухын сақтауы тиіс. Бұл келісім құқықтық сенімділік орнатуға бағытталған.

— Екі ел арасындағы сауда-саттықты ұлттық валюталарда жүргізу бастамасы көтерілген екен. Бұл идея қаншалықты жүзеге асады деп ойлайсыз?

— Бұл — өте орынды әрі заман талабына сай ұсыныс. Қазір Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы сауда-саттық негізінен доллармен есептеледі. Алайда ұлттық валютамен есеп айырысу — валюта бағамдарының құбылуынан болатын тәуекелдерді азайтып, қаржылық тәуелсіздікті арттыратын қадам. Ресей мен Қытайдың рубль мен юань арқылы есептесуі — осы бағыттағы оң тәжірибе. Әрине, мұндай жүйені енгізу үшін екі елдің орталық банктері арасында нақты механизмдер мен сенімді төлем жүйелері құрылуы қажет.

— Ал жасыл энергетика жобаларын ынтымақтастықтың жаңа бағыттары ретінде атауға бола ма?

— Әрине. Қазақстан 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына жетуді көздейтін стратегияны жүзеге асырып жатыр. Бұл бағытта Түрікменстанмен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік мол. Түрікменстанның күн мен жел энергиясы бойынша әлеуеті зор. Егер екі ел зерттеу, технология, инвестиция бағытында күш біріктірсе, жаңартылатын энергия көздерін дамыту аймақтық тұрақтылық пен экологиялық қауіпсіздікке үлес қосады.

— Түрікмен инвесторлары қазақстандық қандай салаларға қызығушылық танытып отыр?

— Түрікмен тарапы ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары және фармацевтика салаларына қызығушылық танытты. Сонымен қатар арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) мүмкіндіктері — салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылымдық қолдау — инвесторлар үшін үлкен қызығушылық тудырып отыр. Әсіресе, Түрікмен және Маңғыстау облыстарындағы АЭА базасында бірлескен кәсіпорындар ашу жөнінде нақты ұсыныстар талқыланды.

— Назарымыздан тыс қалған тағы қандай мәселелер бар?

— Иә, өте маңызды, бірақ жиі айтылмайтын мәселе — виза тәртібі. Түрікменстан Маңғыстау облысымен шектеседі. Бұрын екі шекаралас облыс — біздің тараптан Маңғыстау облысы, түрікмен жағынан Балқан уәлаяты арасында визасыз 5 күнге кіріп-шығу мүмкіндігі болған. Бұл туыстық, сауда-саттық, емделу сияқты қарапайым гуманитарлық қажеттіліктер үшін өте маңызды еді. Алайда кейіннен Түрікменстан бұл тәртіпті біржақты тоқтатты. Қазір Түрікменстанға бару үшін визалық режим сақталған. Бұл — азаматтық байланыстардың дамуына, шағын және орта бизнес, сондай-ақ өңіраралық серіктестіктің кеңеюіне үлкен кедергі. Егер екі ел арасындағы визалық тәртіп жеңілдесе немесе шекаралас аймақтар үшін қайтадан жеңіл режим енгізілсе, бұл экономикалық байланыстарға оң әсерін тигізген еді.

— Өңімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

АУЫЛ ҚАНАУШЫЛЫҚҚА ЕМЕС, ЖАНАШЫРЛЫҚҚА ЗӘРҮ

Ауыл шаруашылығы жыл басынан 10%-дан астам салмақты өсімге шықты. Саладағы өнім өндірісі тұрақты артып келеді. Алайда қордаланған мәселелер жетерлік. Субсидияға бөлінген ел қаржысын шығындау тиімділігі тым төмен. Бюджеттен миллиардтаған теңге демеуқаржы алғандар ізінше банкроттығын жариялап, жабыла салған. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру әлі күнге өзекті. Осы және басқа проблеманы шешу үшін не істеледі?

2025 жылғы қаңтар-сәуір айларында ауыл шаруашылығында өнімдер мен қызметтердің жалпы өндірісі, басқаша айтқанда, ауыл кәсіпкерлерінің биылғы алғашқы 4 айда тапқан табысы — 987,9 миллиард теңгені құрады. Бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңдегіден бірден 10,6%-ға артық. Бір қарағанда, табысы оның көл-көсір болғанымен, барлық алым-салығын, каптаған шығысын алып тастағанда, қолында қалатыны сонша көп те емес. Өйткенімен, саланың жалпы өнім шығарылымы соңғы бірнеше жыл бойы тұрақты өсу үстінде. Соның арқасында шаруашылығына шыр бітіп, қоң жинады, қорланды.

Өңірлерге келсек, жыл басынан бері ауыл шаруашылығынан байыған бизнес Түркістан облысында шоғырланыпты: 153,4 миллиард теңгеге өнім шығарып, қара базарға өткізе алды. Бір жыл ішіндегі өсімі ғаламат: 17,4%. Екінші орында — халқы тығыз, қазағы қалың тағы бір өңір — Алматы облысы: табысы 125,9 млрд теңге. Өсімі — 9,6%. Үштікті астықты Ақмола облысы тұйықтады: 99,8 миллиард теңге, өсімі — 7,5%.

Аутсайдер қатарында — Маңғыстау облысы (9,2 млрд не 6,8%), Ұлытау облысы (13,6 млрд, 6%) және Шымкент (15,3 млрд, 11,3%). Ірі қос мегаполистің айналасында мал жайылмайды, егін салынбайды: Алматыда (1 млрд теңге, өсім 575,4%, өйткені былтырғы 4 айдағы өнім өндірісі 200 млн теңге болған) және Астанада (200 млн теңге, 238%) ауыл шаруашылығы жоқтың қасы.

Статистика мамандарының түсіндіруінше, шығындарының тоқтаусыз өсуіне байланысты саланың табыстылық-рентабельділігі қарқынды азайып келеді. Бұл көрсеткіш 2020 жылы — 39,6%, 2021 жылы — 37,8%, 2022 жылы — 34,2%, 2023 жылы — 44,9%, 2024 жылы — 24,9% болды. Яғни, соңғы жылдардағы ең төменгі көрсеткішке дейін құлдырап кеткен.

Содан болса керек, 2025 жылғы 4 айда мал және өсімдік шаруашылығына 213 млрд теңге ғана



инвестиция құйылды. Еске салсақ, өткен 4 айда ауыл шаруашылығымен айналысатындар 1 триллиондай кіріске кенелді, бірақ соның шамамен бестен бір бөлігін ғана бизнесін дамытуға қайта салыпты. Ендеше, Қостанай облысының экс-әкімінің: «Кейбір агроөнеркәсіп кешендерінің қожайындары мемлекеттік субсидияны өндірісті дамытуға емес, негізінен Астана мен Алматыда тұрғын үй алып, қымбат көліктің жаңасын мінуге жұмсайды», — деген ренішті сөзі шындық ауылынан алыс қонбағанға ұқсайды.

САЛАДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫҢ КЕШЕНДІ СЕБЕБІ БАР

Жоғары аудиторлық палатаның (ЖАП) төрағасы Әлихан Смайылов өнім өндірісі көлемінің жыл сайынғы салмақты өсіміне қарамастан, ауыл шаруашылығының Қазақстанның ЖІӨ-сіне қосатын үлесі тым аз екенін айтады: орта есеппен 5%-дан аспайды. Негізгі себептері ретінде өнімділігінің төмендігін, табыстылығы жоғары суармалы жер көлемін ұлғайту қарқынының баяулығын, қымбаттап кеткен суды ылан-ойран, тиімсіз пайдалануын, көлік-логистикалық инфрақұрылымның әлсіз дамуын (шығарған өнімін тұтынушысына, халықаралық нарыққа жеткізе алмай, босқа шірітеді), материалдық-техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігін және басқаларды атады.

ЖАП басшысы жаға ұстататын мәлімет келтірді: кейінгі 5 жыл ішінде мемлекет ауыл кәсіпкерлеріне субсидия түрінде, яғни тегіннен тегін және еш қайтарымсыз, бюджеттің шамамен 2 триллион теңгесін таратып берген. Бұл қаржыға елімізде 1 170-тей мектеп немесе аурухана салып, халықтың осы әлеуметтік нысандарға деген қажеттілігін ғасыр ортасына дейін өтеп тастауға болатын еді.

Алайда сонша қаржы ауыл шаруашылығының тарихта теңдесі жоқ деңгейде түлеуіне түрткі болмады, қазақ елін әлемнің №1

тарын өзгертіп тастайды. Оларды ұсыну тетігі де дәл іске асыру үстінде ауыстырылады екен. Кейінгі 5 жылда 70 рет өзгеріс енгізілген. Министр жаңа болғанымен, егін, мал шаруашылығымен айналысатындар бұрынғы ғой, олар алдыңғы бетбұрысқа бейімделіп үлгермей жатып, жанасымен не істеу керектігін білмей, дағдарды. Салдарынан онжылдықтарда қаншама өнімді, табысты АӨК субъектісі тығырыққа тіреліп, тоқырап, жабылып тынды.

— Субсидия алушыларға бағалау, бақылау жете жүргізілмейді. 2,5 мыңнан астам субъекті 5 миллиард теңге субсидия алған соң жабылған. Тағы 5,4 миллиард теңге ауыл шаруашылығы субсидияларын алғандардың 3 мыңға жуығының, тіпті агроөнеркәсіп

кешеніне еш қатысы жоқ болып шықты. Сұлұлық салондары, басқасы бар. Мұндай жағдайда саланы субсидиялаудың тиімділігі туралы айтудың өзі де қиын. Мұның сыртында қарсы міндеттемелер қойылмайды. Яғни, ел қаржысының қайтарымы қандай болуға тиісті белгісіз, — дейді ЖАП басшысы.

Соның салдарынан, субсидия алушылардың көпшілігі мемлекет осындай қолдау шаралары арқылы олардың шығындарын тұрақты өтеп тұруға тиіс, бұл Үкіметтің міндеті деп санайды екен. Қарсы міндеттемелердің қажеттілігі Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тұжырымдамасында белгіленіп, 2022 жылдың соңында енгізілуге тиіс еді. Іс жүзінде 17 субсидия бағытының тек төртеуінде енгізілген. Субсидиялардың 15 бағыты бойынша міндеттемелердің орындалу фактісін растайтын есеп беру нысаны қарастырылмаған. Қорыта айтқанда, саладағы дағдарыстың кешенді себептері бар, оларды тек кешенді іспен ғана шешуге болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ КАЙТА ФОРМАТТАУ КЕРЕК

Субсидия бойынша ең ірі бұзушылықтардың материалдарын ЖАП тергеу органдарына бағыттайды. «Оңтүстік өңірлерде және Ұлытау облысында 1 мыңға жуық адам 1,5 миллиард теңгеге субсидия алды, бірақ олар тіпті кәсіпкер ретінде де тіркелмеген. Түркістан облысында 15 субъект салмаған инвестициясына жалған шот-фактуралармен 225 миллион теңге субсидия алған. Абай облысында екі кәсіпорын сатып алмаған техникасына 131 миллион теңге субсидия алған, олар да жалған акпарат берген. Біз жергілікті ауыл шаруашылығы басқармаларындағы жауапты 320 тұлғаны әкімшілік жазаға тарттық», — деді Әлихан Смайылов.

Жалпы, ЖАП жүргізген талдау тиімсіз мемлекеттік қолдауды қайта форматтау, оны қазіргі

«әлеуметтік» сипатынан өндірісті дамытуға арналған ынталандырушы шараларға қайта бағыттау қажеттігін көрсетіп отыр. Бұл туралы Президент тиісті тапсырма берді және мемлекеттің көмегін тек тұрақты қолдау ретінде пайдаланбай, көрсеткіштерді жақсартуға бағыттау керек екенін нықтады. Субсидиялаудың қарапайым және айқын алгоритмі қажет. «Ісінді тындыр — көмегінді аласың» дегендей, шаруашылықтар түпкілікті нәтиже бойынша субсидия алуға тиіс. Сонда субсидиялардың сүйеуімен ғана жұмыс істеп тұрған тиімсіз шаруашылықтар даму әлеуеті зор адал фермерлерге жол береді.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров салада қосып жазу белең алғанын жасырмады. Онымен күрес жүргізіп жатқан көрінеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен арнайы жұмыс тобы құрылған.

— Ұлттық статбюромен бірге үлкен жұмыс жасалды. Нәтижесінде, қосып жазылған, өмірде жоқ 2 миллион сыр мен бұқа, 3 миллион қой, 2 млн келі картоппен 3 млн литр сүт есептен шығарылды. Біз бәрін тәртіпке келтіріп, таза парактан бастап жатырмыз. Жауапкершілік те қатайтылды. Статистика органына жалған есеп бергендерге бірінші жолы — ескерту жасалады, екінші рет — айыппұл салынады, — деді АШМ басшысы.

Ал ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжетханұлының мәліметінше, Президент тапсырмасына сәйкес министрлік әкімдіктермен тізе қосып, салаға инвестиция тарту бойынша белсенді жұмысқа кірісті. 2025 жылғы 4 айда негізгі капиталға салынған инвестиция 213 млрд теңгені құрап, былтырғыға (180,6 млрд) қарағанда 18% өсті. Атап айтқанда, ауыл және балық шаруашылығына — 164,2 млрд (өсім 15%), тамақ өнімдерін өңдеуге — 48,7 млрд теңге (өсім 29%) тартылды.

Министрлік 2025—2027 жылдарға арналған АӨК инвестициялық жобаларының Жол картасын әзірледі. Жалпы құны 3,3 триллион теңге болатын 677 жобаны іске асыру жоспарланған. Соның ішінде 2025 жылы — 282 жоба (611,2 млрд), 2026 жылы — 267 жоба (1,1 трлн), 2027 жылы — 128 жоба (1,5 трлн теңге) өмірге жолдама алуға тиіс. Инвестицияның негізгі бағыттары — қайта өңдеу (1,478 трлн), суару жобалары (216 млрд) және мал шаруашылығы (194,6 млрд теңге).

2025 жылы іске асырылатын ірі жобалар қатарына мыналар кіреді: Түркістан облысында «Қазкрахмал» ЖШС-ның жүгеріні терең өңдеу зауыты (жылына 150 мың тонна), Абай облысындағы Altai Mai ЖШС-ның май зауыты (169 мың тонна), Жамбыл облысындағы «Алель Агро» АҚ-ның құс фабрикасы (25 мың тонна), Атырау облысындағы Atyrau Chicken ЖШС-ның бройлерлік құс фабрикасы (5 мың тонна), Ақтөбе облысындағы KazFeltex ЖШС-ның жүн өңдеу зауыты. Бұдан бөлек, тұркиялық Alsera компаниясымен Шымкентте ірі жылыжай кешенін (650 млн доллар), БАӘ-лік QazaqArab Sugar-мен Алматы облысында қант зауытын (\$580 млн) салу туралы келісім бекітілді. Осыныша қаржы ұтымды игеріліп, жаңа жобалар аяғына жетіп, жаңа өндіріс орындары ашылса, ауыл да, ауыл шаруашылығы да шынымен гүлденер еді.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Бекжан ТҰРЫС,
актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Өнер – ұлттың үні, ал актер – сол үнге жан бітіретін тұлға. Қазақ театр өнерінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, шынайылығымен қалың көрерменнің жүрегіне жол тапқан жанның бірі – Бекжан Асаубайұлы. Ол М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында 50-ден аса рөл сомдаған. «Өнердің миссиясы – ұлтқа қызмет ету» деп білетін өнер иесі өзіндік ұстанымдарымен, берік көзқарасымен, адамгершіліктің ақ жолын кесіп өтпес мінезімен қадірлі. Биыл халқының сүйіспеншілігіне бөленген актер алпыстың асуын бағындырды. Біз Бекжан Тұрысты мерейтойымен құттықтап, аз-кем сұхбаттастық.



бардан гөрі жокты көбірек айту пайдалы. Бардың паркын жоқтың нарқы өсіреді. Ұлттың өмір сүруінің кепілі және мұраты – ұлттық төлтумалықты сақтау. Ата өнерінен ажырамаған ұлттың болашағы жарқын жолы айқын болады.

ШЫНДЫҚТЫ АЙТҚАН
ШЫН МҰРАТЫНА
ЖЕТЕ БЕРМЕЙДІ

– Ал әртіс үшін шыннайылық пен шеберлік қалай ұштасуы қажет?

– Актерлік – міндет. Бұл ұғымның аясы өте кең. Оған актердің асыл мұраты, асқақ мақсаты, адамдық парасаты, ордалы ойлары жатады. Үлкен жүрегі бар адамнан үлкен өнер туады.

– Адам ретінде, актер ретінде қандай құндылықтарды жоғары қоясыз?

– Әр ұлттың өз болмысы, өз ерекшеліктері бар. Оның әрқайсысы – бүкіләлемдік, бүкіладамзаттық мәңгілік құндылық. Біз бүгінде өз құндылығымыздың ішінен қажетімізді таба алмай жүрміз. Адамзат үшін ең құнды нәрсе өмір болса, сол өмірді мәнді де сәнді ететін – адамгершілік. Мен адамгершілікті жоғары қоямын.

– Актер шындықты жеткізуші ғана ма, әлде оны өзгерте алатын тұлға ма?

– Актерлік өнер бұзылмаған табиғаттың өзіндей кіршіксіз, таза өнер. Шындықты айту – парыз. Шындықты айта алмайтын болсақ, болмыс берген талант дейтін күдіреттің құны бес-ақ тиын.

Ақиқат болмаған жерде ұлы өнер туындамайды. Бірақ соны айтпайды. Шындықты айтқан шын мұратына жете бермейді. Өйткені досы аз, дұшпаны көп. Шындықты айтқан адамды рухани қорғап қолдай бермейміз.

Шындық көзге шұқиды

қашаннан да,

Шыбын жаның шындықтан

қаша алғанба!

Ар-ақиқат үкімі жасалғанда,

бұзып алдық. Қазақтың кез келген ұлттық әдет-ғұрпында кісілік, адамгершілік, мейірім бар еді. Сол ұғымның шырағын сөндіріп алдық.

Осының бәрі айналып келгенде, ұлттық мінез-болмысымызды жоғалтып алғанымыздың кесірі. Дәстүрлі наным мен сенімге мойынсұнбаған соң, салт-дәстүрді сақтамаған соң көргенсіздікке бой алдырып, татулықты қаталықпен ірітіп жүрміз. Баяғы бауырмал көңіл, қазақы қайырымдылық жоқ. Қулық пен сұмдықтың құдығына сүйреген қуаяқ, сұмауыз болып барамыз. Өзекті өртеген осы ойлар көңілге тыным, жүрекке маза бермейтіні рас.

– «Өнер ұлтпен бірге жасайды» деп жүрміз. Қазақ қоғамында өнердің миссиясы қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Өнер ұлтқа қызмет етуі керек. Қазіргі өнер жеке бастың қамына қарай һәм атақ пен абыройға қызмет ететін болды.



Әдебиет пен өнер – әрбір ұлттың рухани уызы. Ал «уызына жарыған» деген сөздің астарлы мағынасын саналы қазақ жақсы түсінеді.



Мәдени, рухани болмысымызды көмескілеп, мүлде басқа мәдениетті қайталаушы рухани құлға айналдық. Кез келген ұлттың өнері, ең алдымен, өзінің халқы үшін керек. Сондықтан өзінің ұлы өнерін әлемге таныту үшін кез келген адам кез келген ұлт алдымен өзі талпыныс жасауы керек. Әдебиет пен өнер – әрбір ұлттың рухани уызы. Ал «уызына жарыған» деген сөздің астарлы мағынасын саналы қазақ жақсы түсінеді. Ұлттық өнер ол – бүкіл бір ұлттың жүрегі, ақыл-ойы, ар-намысы. Өнеріміз өрелі болса, елдің де еңсесі биік тұрмақ. Аспан астында, жер үстінде өмір барда, өнер де бар. Өнер адамына

Қолға түсер ноктасыз
асаулар да...
...Шындық деген-шымылдық
біреулерге,
Қалқа қылып шындықты
жүрер пенде.
Шымылдығын шындық кеп
жұлып алса,
Шыбыны ұшып, бейшара,
кірер жерге,
– Мұқағали ағамыз осылай дейді.

АСЫЛ МЕН ЖАСЫҚТЫ
АЙЫРА АЛМАЙТЫН ДЕРТКЕ
ҰШЫРАДЫҚ

– М.Әуезов театрының сахнасында бұрын Бекжан Тұрыс пен Елжан Тұрыс бар еді. Қазір бұл тізімде Мағжан Бекжанұлы да бар.

Ұлыңыздың өнеріне әке ретінде баға бересіз бе, әлде әріптес ретінде ме?

– Әке ретінде де, әріптес ретінде де баға беремін. Мағжан о баста өнер жолын таңдағанда, соншама қарсылық танытып, ақыры Алматы энергетикалық университетіне құжат тапсыруға көндіріп едім. Оны өте жақсы бітірген соң «Әке, оқы дедіңіз, оқыдым, дипломыңыз, міне. Енді менің өз қалауыммен жүруіме рұқсат етіңіз» деді де, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына құжат тапсырып, оқуға түсті. Студент болып жүргенде курстарымен бірге бір-екі өзіндік жұмыс істеп, онысын Мәскеуге апарып қойып, кішігірім жүлде алып келіп жүретін еді. Оқуын бітіретін кезде Жалғас Толғанбаевтың баласы екеуі тағы да өзіндік жұмыс істеп, онысын Ассоциация жиыны болғанда, өздері өтініш білдіріп, сондағы театрлардың алдына әкеп қойып, екі баланың еңбегі жоғары баға алыпты. Ол жұмысты мен де көрген едім, тап-тәуір дүние болып шыққан екен. «Бағыты жаман емес екен» деп іштей риза болдым. Бірақ театрға қалдырады деп ойламаған едім. Сөйтсем кішкентайынан театрдың ауласында ойнап, кей жасынан бастап немересін келіптеп, ұлылардың табаны тиген киелі сахнаның шаңын жұтып, иісін иіскеп өскендіктен болар, театрдың көркемдік жетекшісі Асанәлі ағалар осылай шешімін шығарып қойыпты.

– Бір сұхбатыңызда: «Ұстаз болудың жауапкершілігі үлкен. Қазір университетті кеше ғана бітіріп, сол жерде ұстаздық етуге қалып қойған балалар бар. Солар көп болса, менің баламмен жасты. Күлкің келеді» депсіз. Ұстаздықтың жүгін сіз сезінгенмен, басқалар неге сезіне алмайды?

– Бұл сұраққа сол адамдардың жауап бергені дұрыс-ау.

– Театр мен кинода қатар еңбек еттіңіз. Ал қазір бұрын КВН ойнаған немесе қалтасында ақшасы бар кез келген адам кино түсіріп жатыр. Олардың фильмдерін көресіз бе? Арзан әзіл көрерменге опа таптыра ма?

– Кино өнері арқылы, теледидар арқылы тасқындап құйылып жатқан шет жұрттың рухани үрдістері қойны-қоншымызды кеулеп, төрімізде тайрандап салтанат құрып, өз ұрпағымызды өзімізге жат етіп бара жатқанын көргім келмейді. Бұл келеңсіздікті түзету былай тұрсын, айтқан адамның өзін «ескіні көксеуші», «артта қалған», «ұлтшыл» деген қарғыс таңбасымен күстәналайды.

«Өнердің ішіндегі ең маңыздысы – кино» – дейді Ленин. Біз қазір асыл мен жасықты өз бетімізбен айыра алмайтын дертке ұшырадық. Бүгінде боғауыздан тұратын кинолардың көп екені рас. Өкініштісі, сол кинода Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткерлер жүр. Бізге қазір ұлтты руханиятсыздықтың дертінен аман сақтаудың жолдарын қарастыру керек.

– Сіз еліңіз үшін баяғыдан «Халық әртісісіз». Былтырдан бері бұл атақ қайта жаңғырды. «Халық әртісі» атағын ресми түрде неге бермеді, әлде сізді ұсынады ма?

– Жоқ, ұсынған жоқ.
– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

ЕЛ МҮДДЕСІН
ЕСТЕН ШЫҒАРҒАМ
ЖОҚ

– Бекжан аға, 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірдің алпысыншы белесінен өткенге көз салсаңыз, қандай баға бересіз? Сізді адам ретінде қалыптастырған қандай сәт немесе сабақ өміріңізде ерекше есте қалды?

– Өмір өткендер мен өткелдерден тұрады. Өткеніме өкпем жоқ. Ақсақал көріп өскен, қазыналы карттың айтқанын тындап, кимешегі кірлемеген әженің тектеуімен ержеткен буынның өкілімін. Құдайға шүкір, өмір жолымда жүріс-тұрысымен, іс-әрекетімен, тіпті киген киімі, сөйлеген сөзімен жақсы жаққа бағыттап, тәрбиелеген аға-апаларым көп болды. Сондай адамдардың әрқайсысының бір жақсы қасиетін өзіме жұқтыра алдым. Өткен өмірдің бәрі менің бүгінгі болмысымды қалап шығарған кірпіштер.


Қара бастың қайғысын құлдық тірліктің рахатына айырбастаған емеспін. Ел мүддесін екі елі естен шығарғам жоқ. Негізгісі мағыналы өмір сүре білу ғой. Сен өлгенде бір адам сен туралы жаман айту түгілі жаман ойлай алмаса, нағыз мағыналы өмір – сол. Қазір әжептеуір жасқа келдім. Оң-солыма баға беретіндей көргенім, түйгенім бар. Алды-артыма қараймын. Өз басым кіршіксіз таза өмір сүрдім деп айта алмаймын. Себебі біз періште емеспіз, қатесіз адам болмайды. Кейде сөзден, кейде ісіннен жаныласың. Бірақ негізім дұрыс. Құдай қалған ғұмырымды естілермен өткізсе деймін. Тағдырдың адам баласының мандайына жазған сыйы болады. Менің мандайыма бұйырған несібе – өнер.

ҰЛТТЫҢ РУХЫ
КӨТЕРІЛГЕНДЕ ҒАНА
БЕДЕЛІ АРТАДЫ

– Осыдан он жыл бұрын «Ұлым, саған айтамын, ұлтым, сен тында» деп көкейде жүрген көп ойды моноспектакліңізде жеткіздіңіз. Содан бері де бірнеше жыл

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Қазақ руханиятына үлкен олжа салған қаламгерлер көп, соның бірі – Әділ Дүйсенбек. Журналистика мен жазушылықты қос қанатындай қатар ұстаған қаламгер газет көрігінің ыстық-суығында шыңдалды. Оның қаламгерлік жолдағы өнімді еңбегі ғана емес, адамгершілік болмысы да көпке үлгі, зор тағылым еді. Жақында белгілі жазушының жары Дариға Дүйсенбекпен сырласқан едік. Ол қарымды қалам иесі Әділ Дүйсенбекпен өткізген өнегелі ғұмыры туралы әдемі естелігін айтып берді.

АР БИГІНДЕГІ АДАМ

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЖАЗУ ЖОЛЫНЫҢ ЖОЛАУШЫСЫ

«Әдекең өте салмақты кісі, қыздың бәріне қарындасындай қарайтын еді» деді әңгіме басында Дариға апай. Содан екеуінің таныстығы туралы сыр шертті. Жамбылда басталған таныстық махаббаттың аласапыран алауынсыз-ақ жүректің терең үндестігімен жарасқан қос тағдыр бір шаңырақтың астында тоғысты.

«1967 жылы С. Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне құжат тапсырдым. Конкурстан өтуге балым жетпей қалып, анамның рұқсатымен Жамбыл технологиялық институтында оқитын әпкеммен қазіргі Тараз қаласына келдік. Бұл жерде Жамбыл мемлекеттік педагогикалық институты физика-математика факультеті деканының хатшысы болып жүріп, осы факультетке оқуға түстім. Сол жылы жазда әскерден келген бір топ жігіт практикадан өту үшін жатақханадан орын алыпты. Бір күні сабаққа бара жатсам, ұзын шашымнан бір жігіт тартып қалып еді, қасында отырған жігіт байыпты үнмен ескерту жасады. Кейін білсем, шашымды тартқан жігіт Әбіш, қасындағысы Әдекең екен», — деді Дариға апай алғашқы кездескен сәтін еске алып.

Сол күнгі кездейсоқ кездесу кейін тұрақты жүздесулерге ұласыпты. Кейіпкеріміз Алматыдан келген студенттермен жақын араласып, туған күндерін үнемі бірге қарсы алған жылы сәттерді еске алды. Ондай жерде де Әділ ағамен сыпайы ғана амандасып, жағдай сұрасқан. Практика уақыты бітіп, Алматыға қайтқан Әділ ағадан жиі хат алып тұратынын, Талдықорғанға Алматы арқылы өткенде өзі күтіп алып, шығарып салатынын ерекше сезіммен жеткізді.

«Бірақ бір күні «Дариға, көкем мен тәтем үйіне барып, саған құда түсейін деп жатыр» деп қалды. Мен оған қарсы болмадым, әкем де таңдауымды құптады. 1969 жылы 1 мамырда шаңырақ көтердік. Жамбылдың Ақжар ауылында тұратын Әдекеңнің Сатыбалды деген ағасы бізге той жасап берді. Әдекең ол кезде

«Социалистік Қазақстан» газетінде жұмыс істеп жүрген болатын», — деді Дариға апай.

Алматы қаласында 30 жылға жуық тұрып, «Егемен Қазақстан» газеті Астанаға көшкенде ардагер журналист Әділ Дүйсенбек те бірге келеді. Ол кезде жары Дариға апай Алматыдағы С. Асфендияров атындағы медицина университетінде басшылық қызметте болғандықтан, Алматыда қалуға тура келеді. Бұл сәтті Дариға апай былай айтып берді:

«Мырзатай Жолдасбеков ағамыз Еуразия университетіне ректор болып тағайындалыпты. Өзі Әдекеңе де сабақ берген екен. Мерейтойдың бірінде Мырзатай аға Әдекеңді көріп: «Неге жалғыз жүрсін? Келіншегің қайда?» деп сұрап, мені Астанаға шақыртты. Өйткені өзі басқарып отырған университетте де кадр бөлімін басқаратын маман керек болып тұрған кез екен. Келдім. Бірден жұмысқа қабылдап алды», — деді.

Журналистикадағы алғашқы қызметін «Социалистік Қазақстан» газетінен бастаған Әділ Дүйсенбек еңбегін дәл осы басылыммен аяқтады. Дариға апай жолдасының Талдықорғандағы газеттің, «Еңбек туы» сияқты тағы бірнеше басылымның редакторы болуға шақырылғанын атап өтті. Алайда қара шаңырақ саналған басылымнан бас тартпаған екен.

«Өмірінің соңына дейін қаламын тастамай, жазу жазды, күнделікті газеттерді қалт жібермей оқыды. Қолжазбалары көп. Көбі — Жазирада. Жарты кітабын Жазираға өзі берген. Одан кейін Әдекеңе ас бердік қой. Сонда ол туралы фильм түсірілді. Фильмде Көпен Әмірбек, Дулат Исабеков, тағы бірқатар жазушы сөйледі. Сонда марқұм Көпен ағай бүй дейді: «Әдекеңмен кездескенде бір мешітке кіргендей болушы едік қой. Біреуге қалжындап, біреуді өсек қылып, біреуді балағаттағанын естігеніміз жоқ», — деп толқыды апай.

50 жыл бір шаңырақ астында бақытты ғұмыр кешкен жандар бірін-бірі айтпай түсінетін, көзден көріп ұғынатын. Дариға Дүйсенбекованың әр сөзі осындай жылы естелікке толы болды. «2017 жылға дейін ұлымыз Айдар барда ештеңені ойламай, алаңсыз бақытты күндерді өткізіппіз. Ұлымыздың қазасы төбемізден жай түскендей болып, есенгіретіп қойды. Әдекемнің мейірімге,

ізгілікке толы жүрегі перзент қайғысына шыдай алмады. Өмірімнің ғажап сәттерімен бір секунд болса да қайта қауышуға мүмкіндік болса, «Әдекем, өзің барда патшайымдай өмір сүріппін. Соны енді сезіп жүрмін!» дер едім», — деп көзіне еріксіз жас алды.

ҚАЛАМДАС ЕДІ, ҚАНАТТАС ЕДІ

Әділ Дүйсенбек пен Дулат Исабековтің әлемі бірге еді. Екеуі шығармашылық әлеміндегі жазу жолында тізе қосқан әріптес қана

Дулат Исабековтің бір жазғаны бар еді: «Арамыз алыстады, көңіліміз алыстаған жоқ, сен суық жакка кеттің, көңіліміз суыған жоқ, оңтүстік астана мен солтүстік астананың арасы мың шақырымнан астам, жүрегіміз адасқан жоқ. Астанаға келген сайын сағынышымызды саябырсытып, құшақтасып жатқанымыз. Бірге отырғанда не туралы сөйлесуші едік? Әрине, жастық шақ, студенттік кез, 1-курста мақта теруге апарған кездегі қызықты оқиғалар, жыл сайын астық жинауға тың облысына апарған кездегі бастан кешкен қызықтарымыз...



Журналистикадағы алғашқы қызметін «Социалистік Қазақстан» газетінен бастаған Әділ Дүйсенбек еңбегін дәл осы басылыммен аяқтады.

емес, өмірде де жақын дос, серік болды. Ол туралы Дариға апай таңды-таңға ұрып айтуға бар. Әділ ағаның қыздары Еліғай мен Жазираның есімін Дулат Исабеков, ал оның егіз қыздарының есімін Айман-Шолпан деп Әділ Дүйсенбек қойған. Екеуінің қалың достығы 61 жылдың ішінде қайнап жатыр. Жазу өнерінің қос тарланы 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түскен. Дариға апай оқуға түскен алғашқы жылы екеуі де әскер қатарына алынып, бірінші Дулат Исабеков, кейін Әділ Дүйсенбек кеткенін сөз қылды.

«Екеуі екі бөлек жерде қызмет етті. Әдекең Әзербайжанда үш жыл десантшы болған. Екеуі де келіп оқуын жалғастырды, филология факультетін тәмамдаған. Әдекең соңғы курста оқып жүргенде марқұм Балғабек Қыдырбекулы «Егемен Қазақстан» газетіне жұмысқа шақырып, студент кезінен жұмыс істеуіне ықпал етті. Ол жерде 40 жылдай еңбек етті. Дулат ағамен отбасылық қарым-қатынасымыз да жақын болды. Оның жары марқұм Нұрғайша — менің жақын әпкем. Ал Дулат аға жездем, бірақ біз жолдас ретінде араластық. Бірақ Тараздағы тойымызға келе алмады. Әдекең, Дулат аға, Төлен Әбдік, Бексұлтан Нұржеке жақын достар еді, жиі бір-бірінің үйінде бас қосып отыратын.

«Құдай ажыратпаса, адам ажыратпас дос» деген рас болса, біз дәл солай өмір сүріп, екеуімізді Құдай ажыратқанша, арамыздан қыл өтпеді» деп. Сол айтқанындай, екеуі де бір-бірінен ажырамай, өмірінің соңына дейін қасында болды» дейді Дариға апай.

Сол достық Әділдей досы өмірден кеткеннен кейін де ажыраған жоқ. Досының отбасына келіп, үнемі балаларының халін біліп, қуанышын бөлісіп жүрді. «Нұрғайша апай кеткеннен кейін Дулат ағаның жағдайы жақсы болмады. Өмірінің соңында қызы Шолпан қарады. Ол кісі үнемі: «Роман жазайын, эссе жазайын, менің бірінші оқырманым — Нұрғайша еді» деп айтып отыратын. Ол рас, одан кейін қыздары да «Анамыз кеткеннен кейін әкеміз жетімсіреп қалды» деп айтып жүрді. Дулат аға бәйбішесінің көзі тірісінде «Бір романым бар, соны бітіре алмай жатырмын. Көзім дұрыс көрмейді» деп жатты. Сол романын аяқтай алмаған секілді. Екеуі үнемі кездескенде өткен қызықтарын айтып, жалықпайтын. Сағынысып көрісетін еді. Арамыздан екеуі де кетіп қалды» деп күрсінді Дариға апай.

«ШЕРАҒАҢНЫҢ ШЕРУІ»

«Мәскеуде өткен 28 партия съезіне Әдекең Шерағанмен бірге барған. Шераға келгеннен кейін

«Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. Содан кейін бізге Достық (бұрынғы Ленин) көшесінің бойынан бір бөлме үй берді», — деді Дариға апай.

Кейіпкеріміз Дариға апай Шерағанның катал бастық болғанын айтады. Солай бола тұра, Әділ аға Шерағанды ерекше құрмет тұтқан. Шерағанда Әділ інісіне деген ықыласы бөлек-ті. Сол себепті де «Арқари» деп еркелетті. Шерхан Мұртаза іссапарда үнемі Әділ Дүйсенбекті өзімен алып жүрген. Осындай сыйластықтан Әділ ағаның қаламынан «Менің Шерағам» атты керемет шығарма туды.

«Әдекең бұл шығармасын жарыққа шығармас бұрын Шерағаннан рұқсат сұраған-тұғын. Бірақ ол келіспеді. Десе де, Әдекең жазуын тоқтатқан жоқ, ақырында аяқталған еңбегін өзіне көрсетіп, рұқсатын алып барып, жарыққа шығарды. Арада біраз уақыт өтті. Біз Астанадамыз, о кісі Алматыда қызымен тұрып жатқанда қатты ауырды. Әділ қызына хабарласып, телефон арқылы Шерағаның халін сұрап отырды. Сонда Шерағанның қызы: «Әділ аға, сіздің звандағаныңызды күтіп жатады. Сіздің дауысыңызды естисе, көзінен жас ағады» дейді екен. Өле-өлгенше Әдекең о кісінің қасында болды ғой», — деп тебіренді.

Екі алыптың тілі де, шығармасы да үнсіз үйлесім табады. «Шерағанның шеруі» қалай туғанын сенатор Нұртөре Жүсіп былай жазады:

«Біз Әділ Дүйсенбек туралы сөз еткенде Шерхан Мұртаза есімін айналып өте алмаймыз. Шераған туралы айтқанда Әділ Дүйсенбекті аттап кете алмаймыз. Жазушы Әділ Дүйсенбектің «Шерағанның шеруі» роман-эссесі — Шерхан Мұртазаға тұрғызылған ескерткіш іспеттес... Әуелгіде бірі — басшы, бірі — қосшы болып, бір редакцияда қызмет еткен екеуі жұмыс бабымен Жамбыл облысына іссапарға барыпты. Жанындағы журналистің қырағылығы, сезімталдығы, шыншылдығы мен адалдығы сүйсіндірсе керек, редактор келе-келе оны жанынан тастамайды. Кәсібі қалыптастырған дағды болса керек, әуелгіде Шерхан Мұртазаның аузынан шыққан тәмсіл сөздер мен қызықты жайттарды қойындөптерге түртіп ала жүрген көрінеді. «Шерағанның шеруі» Әділ ағаның төлқұжаты секілді».

Бұл еңбекте шынайылық, құрмет, ұлтқа деген жанашырлықтың үні есіп тұрады. Өйткені Әділ аға — Шераға болмысына сырттай қарап қана қойған жоқ, оны ішкі әлемінен, жан тереңінен сезіне білді. Сондықтан ол бір тұлғаға арналған ескерткіш боп қаланды.

Жазушының өмір жолы — қаламға адалдықтың, азаматтықтың, сабыр мен сырға толы парасаттың айнасы. Ол — сөз өнерін елдің рухани жүгін арқаалаған үлкен жауапкершілік деп білген, журналистиканы жанымен сүйген, азаматтық үнін жоғалтпаған кайраткер тұлға. Ардагер журналистің артына қалдырған мол мұрасы — тек қағаз бетінде емес, ел жадында, кейінгі ұрпақтың өнегелі үлгісінде мәңгі сақталары сөзсіз.

ДАМУ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

ERG компаниясы жастардың білім алуына, кәсіби дамуына және кәсіпкерлік қабілеттерін арттыруға айрықша басымдық беретін таңдаулылардың бірінен саналады.

ШЕБЕРЛІК ШЫҢҒЫНА БАРАР ЖОЛ

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Елімізде металлургия және тау-кен өндірісінің инновациялық дамуы мен сала мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру, іштегі мамандарды оқыту жүйесін жетілдіру, жұмысшы мамандарды қолдау бағытында тиімді бастамаларды жүзеге асырып келеді. Бұл бастамалар еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, сондай-ақ саланың тұрақты дамуына негіз болуда. Бүгінде компания басқа да кәсіпорындарға өзінің озық тәжірибелерін ұсына отырып, қанаттаса даму үлгісін қалыптастырып үлгерді. Аймақтарда 60 мыңнан астам адамды еңбекпен қамтыған ең ірі жұмыс берушілердің бірі ретінде танымал. Өндіріске жұмысшы мамандарды тартуда да тың идеяларымен ерекшеленеді.

Биыл Топ алғаш рет ERG Skills байқауындағы колледждердің үздік студенттеріне арнайы сертификаттар табыстай бастады. Осы сертификатты алған таңдаулы студенттер бірінші кезекте компанияға жұмысқа орналасады. Бұл — талантты жастарды қолдау мен кәсіби біліктілік жолын ашудың нақты әрі алғашқы қадамы. Қазірдің өзінде «Қазхром» ТҰК» АҚ басшылығының бастамасымен үздік тәжірибелік дағдылары мен шеберлігін көрсеткен колледждің 8 студенті Дөң тау-кен байыту комбинатына жұмысқа шақыру сертификатын алды.

ERG Skills кәсіби шеберлік байқауы биыл Павлодар, Қостанай мен Ақтөбе облыстарында өтіп, кіл мықтылар бақ сынады. Жұмысшы мамандардың мәртебесін арттырып, еңбек адамының қадір-қасиетін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылған бұл шеберлік сайысы, қоғамда еңбекке деген құрметті арттыруға және жастарды кәсіби мамандыққа баулуға арналған маңызды шара. Байқау халықаралық WorldSkills стандарттарына сай өткізіледі. Бұл өз кезегінде мамандарды іріктеу мен бағалаудың сапасын жоғарылатуға жасалған мүмкіндік. Қойылатын талаптардың жоғары болуы қатысушылардың тек өз саласындағы шеберліктерін көрсету ғана емес, сондай-ақ, заманауи технологиялар мен әдістерді меңгеру арқылы

жаһандық еңбек нарығына бейімделуіне бағдар береді. Мұндай байқаулар ел экономикасының негізгі салаларында кәсіби біліктілікті арттыруға, жаңа идеялар мен инновацияларды енгізуге ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялай отырып: «Биыл — «Жұмысшы мамандықтар жылы». Осыған орай, маңызды іс-шаралар өткізіліп келе жатқан байқау нәтижесінде кәсіби білікті жұмысшы мамандар эталон қалыптасты.

Ең бірінші байқау небары үш күзиретті қамтыса, екінші сайыста бес бағыттың мықтылары анықталған болатын. Ал үшінші жолы — 12 кәсіптің мықтылары білім жарыстырды. Байқауға қатысушылар саны жылдан жылға көбейе түскен. Алғаш 30 маман бақ сынаса, биыл 200-ге тарта адамнан өтініш түсіп, оның 114-і байқауға қатысты. Биылғы байқаудың бір ерекшелігі — тау-кен металлургия саласындағы маркшейдерлік пен геодезия, тау-кен ісі, пайдалы қазбаларды байыту мен қалыптау істері тұңғыш рет сынға қосылды. WorldSkills ұлттық чемпионатында жоқ бұл санаттар сайыс арқылы тәжірибе байытып, саланың дамуында сұранысқа ие кадрлар дайындауға тың серпін береді.

Ең бірінші байқау небары үш күзиретті қамтыса, екінші сайыста бес бағыттың мықтылары анықталған болатын. Ал үшінші жолы — 12 кәсіптің мықтылары білім жарыстырды. Байқауға қатысушылар саны жылдан жылға көбейе түскен. Алғаш 30 маман бақ сынаса, биыл 200-ге тарта адамнан өтініш түсіп, оның 114-і байқауға қатысты. Биылғы байқаудың бір ерекшелігі — тау-кен металлургия саласындағы маркшейдерлік пен геодезия, тау-кен ісі, пайдалы қазбаларды байыту мен қалыптау істері тұңғыш рет сынға қосылды. WorldSkills ұлттық чемпионатында жоқ бұл санаттар сайыс арқылы тәжірибе байытып, саланың дамуында сұранысқа ие кадрлар дайындауға тың серпін береді.



ERG компаниясы халықаралық WorldSkills стандарты негізінде ERG Skills байқауын ұйымдастыру арқылы Президент тапсырмасының жүзеге асуына үлес қосып отыр.

БІЛІМ МЕН ДАҒДЫ ҰШТАСЫП...

Сонымен қатар ERG Skills кәсіби шеберлік байқауы ERG тәжірибесіне қызығушылық танытқан басқа кәсіпорындардың өкілдерімен ынтымақтаса жұмыс істеуде білімнен — білікке, теориядан — тәжірибеге апаратын бірден бір алан.

Былтыр байқауда жеңімпаз атанған Дөң тау-кен байыту комбинатының түлектері шыңдалған практикалық дағдыларының арқасында ERG-ті халықаралық аренада лайықты деңгейде көрсетіп жүр. Олар Қытайдағы беделді байқауда жүлделі орындарға ие болса, биыл да халықаралық аренада өз құзыреттіліктерін көрсетіп, жаңа жұлдыздар қатарынан көрінді. Кәсіби өсуде барлық кадрларға тең мүмкіндік берілгендіктен, жыл санап байқауға қатысушылар қатары кәсіби білікті қыздармен де толығуда.

Жеңімпаздардың арасында ERG кәсіпорындарының жас қызметкерлері де бар. Олар: «еңбекті қорғау» құзыреттілігі бойынша үздік атанған — Елизавета Скрипник, «химиялық талдау зертханасы» — Еламан Марат, «тау-кен ісі» — Марғұлан Үмбаев, «маркшейдерлік іс және геодезия» — Ерасыл Қадіржанов, бұлар Дөң тау-кен байыту комбинатының қызметкерлері. Ал «токарлық іс» санатында Ақтөбе феррокорытпа зауытынан келген Жиренше Абдрахманов жеңіске жетті.

— Мен Ақтөбе феррокорытпа зауытында төрт жылдан бері жұмыс істеймін. Зауытта маңызды

тәжірибелік база алдым. Мен оқып жүргенде бізде қазіргі заманғы станоктар болған жоқ. Бірнеше жыл ішінде жабдықтар жаңартылып, заманауи құралдар пайда болды. Әрине, жеңісім үшін қуанышымда шек жоқ, — дейді Жиренше Абдрахманов.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАҢҚ ПЕН БЕДЕЛ

ERG Корпоративтік білім беру бағытында жұмыс істеп жүрген құрылымдар арасындағы өзара серіктестікті нығайтуды көздейді. Осы мақсатта компанияның ұйымдастыруымен Астанада елдегі тау-кен металлургия (ТКМ) саласындағы Корпоративтік университеттердің басын қосқан кең форматтағы халықаралық кездесу өтті.

Форум Азия аумағындағы EFMD-ге мүше корпоративтік университеттер мен білім беру құрылымдары, персоналды оқыту саласында еңбек ететін білім беру мекемелері мен қауымдастықтар арасында Қазақстандағы алғашқы тәжірибе алмасу алаңына айналды. Жиынның халықаралық сипат алуы компания жанынан 2023 жылы құрылған Корпоративтік университетінің даңқымен де байланысты екені белгілі. Атап айтсақ, компанияның бизнесті трансформациялау бағдарламасы аясында алғаш Корпоративтік университет 2023 жылдың маусым айында әлемнің 88 елінде 890 мүшесі бар халықаралық (EFMD) «Еуропалық менеджментті дамыту қоры» қауымдастығына мүше болды. Сондай-ақ, 2024 жылы Лондонда өткен EFMD Excellence

in Practice Awards байқауында «Кәсіби білім беру» аталымында жеңіске жетіп, халықаралық деңгейде мойындалды. Бүгінгі күні университет Қазақстандағы негізгі қалаларда 10 фронт-кеңсе, 5 академия және 35 факультетті біріктіреді.

EFMD корпоративтік сервистерінің директоры доктор Мартин Мерленің форумға қатысуы ERG халықаралық беделін асқақтата түсті. Жиында доктор Мартин Мерле EFMD-дің жаһандық желісі туралы айта келіп, ERG-дің бастамасы елімізде ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағында корпоративтік оқытуды жаңа сапаға көтеруге мүмкіндік беретініне тоқталды.

— Біз EFMD қауымдастығында корпоративтік оқытуды дамыту арқылы компаниялардың тиімділігін арттыра алатынымызды сан мәрте дәлелдедік. ERG-дің бұл бастамасы — аймақ үшін маңызды серпіліс, — деді доктор Мерле.

ERG-дің Корпоративтік университеті білім беру барысында өзге де корпоративтік оқыту орталықтарының тәжірибесін сыни тұрғыдан зерделей отырып, өзінің де кәсіби өсуін үздіксіз өркендете алатын тұғырнама. Форум барысында қатысушылар көшбасшылық, кәсіби білім беру мен персоналды дамыту мәселерін кеңінен талқылап, халықаралық қауымдастық мойындаған озық кейстермен танысты.

— ERG-дің корпоративтік университеті — біздің Топты дамытудың стратегиялық құралы. Біз тек адамдарды дамыту арқылы компания алға ілгерілей түсеріне сенімді болғандықтан, адамдарымыздың дамуына тұрақты инвестиция құйып келеміз. Соңғы 2 жылда корпоративтік университет біздің 54 мыңнан астам қызметкерімізді оқытып, симуляторлар мен VR-дан бастап, озық технологиялар мен халықаралық тұғырнамаларды енгізіп, жаһандық деңгейде мойындалды. EFMD Excellence in Practice Awards 2024 байқауындағы жеңіс пен EFMD LIFT 2025 сертификатына ие болуымыз білім беру сапасы, бизнеске қажетті шешімдерді табу мен оның пайдасы — біздің өз саламыз бойынша үздік болуға деген тәпшынымыз бен қолға алған жүйелі жұмыстың жемісі, — деді ERG-дің Қазақстандағы бас директоры Серік Шахажанов.

Қазірдің өзінде ERG ұсынған Корпоративтік оқыту орталығы өзге компаниялар үшін де қолжетімді. Топ бастама негізінде бүгінде алты алты тау-кен металлургия кәсіпорнында зерттеу жүргізіліп, ортақ сараптама мен бенчмарк база қалыптасып жатыр. Биылдан бастап бұл үрдіс кеңейіп, кәсіби қауымдастық қолдауымен ауқымды жобаға айналмақ.

ӨРКЕН

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда мыңдаған жас маман оқуын аяқтап, қолына диплом алған сәттен бастап жаңа кезеңге аяқ басады. Бірақ оларды еңбек нарығы қалай қарсы алмақ? Университетте алған білім мен жұмыстағы сұраныс қаншалықты сәйкес келеді? Еңбек нарығындағы мәселе жас маманды ғана емес, халықты да алаңдатып отыр.

Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы арасындағы айырмашылық, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі — қазіргі еңбек нарығы мәселесінің айқын көрінісі. Кейбір салаларда жұмысшылар артық болса, енді бір салаларда жұмыс күші жетіспейді. Сонымен қатар аймақтар арасындағы жағдай теңсіздігі мен бейресми жұмыспен қамту да еңбек нарығын тұрақсыз етіп отыр. Еңбек нарығында техникалық, IT, медицина, өндірістік-инженерлік бағыттағы мамандар тапшы. Бірақ университеттерден жыл сайын артық мөлшерде гуманитарлық бағыттағы мамандар, әсіресе заңгерлер, экономистер, мұғалімдер шығып жатыр. Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы I тоқсанындағы мәліметтері бойынша: жалпы жұмыссыздық деңгейі — 4,6%; 15-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі: 3,1%; Ал NEET санатындағы, яғни мүлдем жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар үлесі 6,2%-ын құраған. Жыл сайын еңбек нарығына шамамен 300 мың жас маман қосылады. Алайда колледж түлектерінің тек 40%-ы ғана мамандығы бойынша жұмысқа орналасады, ал қалғандары жұмыссыздар қатарын толықтырады немесе басқа салаларда жұмыс істейді.

ЖАС МАМАННАН ЖҰМЫС ӨТІЛІН ТАЛАП ЕТЕДІ

Көптеген жас маман жоғары оқу орнын бітірген соң жұмыс

ТҮЛЕК КӨП, ТҮЙІН ШЕШІЛМЕЙДІ



іздеуге кіріскенде, өмір шындығымен бетпе-бет келеді. Бос жұмыс орны жоқ, ал болған жағдайда талаптары тым жоғары. Беделді мекемелер болса кемінде 1-2 жылдық жұмыс тәжірибесін сұрайды. Ал оқу орнын енді ғана аяқтап келген жас маман үшін бұл — қисынсыз шарт. Астаналық Айзада Асылбекова да жұмыс іздеудің машақатын тартқан. Дипломдағы мамандығы — эколог. Бірақ ол бойынша жұмыс таба алмай, қазір мүлдем басқа салада еңбек етіп жүр. Оның үстіне, мемлекеттік грантпен білім алып, одан кейін мамандығы бойынша жұмыс істемеген жағдайда, мемлекетке оқу ақысын толық көлемде қайтаруға міндетті болады. 2021 жылы заңнамаға енгізілген бірқатар

өзгеріске сәйкес, мемлекеттік грантпен білім алған азамат оқуын бітірген соң кемінде 3 жыл бойы мамандығы бойынша жұмыс істеуі қажет.

— Оқушы кезімнен бері үздік оқыдым, университетті де қызыл дипломмен бітірдім. Ал одан бөлек, екі жақта да белсенділігіммен көзге түсіп, көптеген ғылыми конференцияға қатыстым. Мемлекеттік мекемеге жұмысқа тұрайын десем, жалпы конкурс ұзақ әрі талаптары мүлдем ақылға қонымсыз, ал жеке мекемелерде тұрақтылық аз, — дейді Айзада Асылбекова.

Жас маман үшін мемлекеттік қызметке түру оңай емес. Себебі тестілеу күрделі және арнайы заңнамаларды терең білуді талап

етеді. Сонымен қатар конкурсқа қатысушылар саны көп болғандықтан, бәсеке өте жоғары. Ал сұхбат кезеңінде білім ғана емес, кәсіби тәжірибе мен жеке қабілеттер де бағаланады.

— Кейінгі кезде жоғарғы оқу орындарына керексіз мамандықтарға грантты тым көбейтіп жіберді. Керексіз мамандыққа түсу оңай, ҰБТ-ны бірнеше рет тапсыруды шығарды, ал есесіне жұмысшы мамандар жетіспейді. Мысалы, 1,5 млн-ға жуық тұрғыны бар Шымкентте кәдімгі дәнекерлеуші, электрик деген мамандар жетіспейді, бірақ жоғары білімді маман жетіп артылады. Грант бөлу жүйесі мүлдем есепсіз. Қарапайым мектептердің өзінде қазақ тілі, тарих пәні мұғалімдері өте көп, ал химия, физика пәндерінің мұғалімдеріне тапшылық байқалады. Сондықтан есепсіз, дұрыс игерілмейтін мамандықтардың санын азайтып, бюджетті грант аз мамандықтарға бөлу керек. Жұмыссыздық басым болған соң, әрине парақорлыққа жол беріледі, — дейді білім сарапшысы Өмір Шыныбекұлы.

ГРАНТ КӨБЕЙГЕНІМЕН, САПА ӘЛІ ТӨМЕН

Еліміздегі мектеп бітіруші түлектерге бөлінетін грант санынан да біраз олқылық кетуі еңбек нарығындағы осы мәселенің одан сайын нашарлауына әкеліп соғады. Жыл сайын мемлекеттен бөлінетін грант саны артқанымен, сапа әлі төмен. Мысалы, былтыр жас түлектерге 78 мың грант бөлінген. Ал 2021 жылы 56 мың грант бөлінсе, 2022 жылы 61 мың, 2023 жылы 73 мың грант бөлінген. Басым бөлігі көбінесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласына соны-

мен қатар техникалық білім беру бағдарламалары мен мамандықтарына берілді. Грант саны көп болған соң, шектік балл да аса жоғары емес. Сол себепті де «маман боламын» деп емес, «грантта оқимын» деп келетіндер көп. Гранттың игерілмей қалып кеткен біраз бөлігі әр оқу жылы сайын қазан, қараша айларына таман басқа салаларға үлестіріп беріледі.

Профориентолог Ақниет Өтенің айтуынша, жастардың жұмыссыз жүруінің бірнеше себебі бар. Ал кәсіби бағыт-бағдардың болмауы мамандықты дұрыс таңдамауынан туады. Елімізде әрбір төртінші жас маман оқу бітіргеннен кейін жұмыс таба алмайды. Жастардың көбі диплом бойынша емес, басқа салада амалсыз жұмыс істейді. Ауыл мен қала арасындағы мүмкіндіктер тең емес. Кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстары мектепте әлсіз немесе мүлде жоқ десек те болады. Мәселені шешу жолы ретінде әр азаматқа мектеп кезінен профориентация жұмыстарын жиі жүргізіп отыру керек.

— Мамандықты мектеп қабырғасынан бастап дұрыс таңдау үшін профориентация жүйесін енгізу керек. Жастарға арналған тәжірибелік жобаларды көптеп ұйымдастыру, икемді машықтарды (soft skills) дамыту жолында байланыс, сұхбат, өзін-өзі көрсету дағдыларын қалыптастыру қажет, — дейді Ақниет Өте.

Мыңдаған жас маман жыл сайын үлкен үмітпен еңбек жолын бастайды. Бірақ бұл жолда сәйкессіздік, жүйесіздік пен сенімсіздік күтіп тұруы мүмкін. Бүгінгі жас маман — ертеңгі күннің жетекші буыны. Сондықтан да, еңбек нарығына жүйелі, ұзақмерзімді әрі сапалы реформа қажет. Мамандық пен нарық үндескенде ғана жастар шынайы жұмыс жетіп, экономикаға да ауыз толтырып айтарлықтай оң әсерін тигізеді анық.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БУЫНДАР

Ұрпақтар арасы небәрі он бес жыл болғанымен, әр буынның өздері мен әлем туралы көзқарасы әртүрлі. Fun group names сайтының мәліметіне сүйенсек, XXI ғасырдың ең жас буындары — Z (1997-2012-жылдары дүниеге келгендер) пен Альфа (2013-2024-жылдары дүниеге келгендер.) Қызығы сол, бір дәуірдің ұрпағы болғанмен, осы екі буын дүниетанымында айырмашылық бар екен.

ЕКІ ҰРПАҚТЫҢ ДҮНИЕНІ ТАҢУЫ ӘРТҮРЛІ

Зерттеушілер респонденттерден алдымен өздерін бір сөзбен суреттеуді сұрапты. Z буыны өзін суреттегенде мінез-құлқына, ішкі жан дүниесіне мән берсе, Альфа буыны өзін физикалық дене немесе қоғамдағы қазіргі статустына қарай сипаттайды. Жауап бергендердің басым бөлігі өздерін «оқушы», «футболшы» немесе «бала» деп таныстырған. Z ұрпағының жауаптарында позитив пен негатив қатар жүреді. Кейбірі өз өмірін «мейірім», «бақыт», «эмоция» дейтін ұғымдармен байланыстырса, бірқатары үшін «депрессия», «хаос» өзекті саналса керек. Алайда позитивті жауаптар негативке қарағанда көбірек екені анықталған. Демек Z ұрпақтың қоғам ойлағаннан көрі бақыттырақ екені белгілі болды. Ең қызығы, екі

буын да өз мінездерін ашық — ақ, көк, жасыл түстермен бейнелеген. Олар акты — тазалық пен адалдық, көкті — тыныштық пен сенім, ал жасылды сұлулық пен табиғаттың түсін деп есептейді. Бұл нәтиже жаңа ұрпақтың өз өміріне көңілі толатынын көрсетеді.

ЖАҢА БУЫН КІМДІ ҮЛГІ ТҮТАДЫ?

Бұл сұраққа Z буынының көп бөлігі жауап ретінде отбасы мүшесінен бастап Емма Уотсон, Адольф Гитлер, Роберт Седжвик секілді тұлғаларды, танымал әлемдік жұлдыздарды жазған. Екі буын арасында кейбір қатысушылар үлгі тұтар тұлға ретінде өздерін көрсеткен. Бұл жастардың қазір өздерін сыйлауды, бағалауды алдыңғы қатарға қоя бастағанының көрінісі болса керек.

ӨЗІН СЫЙЛАТАТЫН ҒӘМ СЫЙЛАЙТЫН ҰРПАҚ

Зерттеу барысында респонденттерге «Басқа адамдардың сен туралы нені түсінгенін қалар едің?» деген сауал қойылған. Бұл сұраққа Z ұрпақ «Олардың мені көбірек түсінгенін, тыңдағанын қалайтындым ескерсе екен», «Маған көп махаббат пен мейірімге толы көзқарас керек екенін түсінсе жақсы болар еді», «Олар менің өзіндіктерімді дұрыс түсінгенін қалаймын», «Менің альтруист адам емес екенімді түсінсе деймін» дейтін жауаптар берген.

Альфа ұрпақ үшін өзгелердің оларды түсініп-түсінбегені бәрібір екені белгілі болған. Респонденттер жауабы соны көрсетеді. Басқа адамдардың ойына емес, өзіне көбірек мән беру, өзіндік жақсы көру олар үшін әлдеқайда маңызды екенін атап өтіпті. Бұған қарап жастардың қоғамда бейтарап көзқараспен өмір сүруді жөн санайтынын байқауға болады.

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ДА АЛАҢДАТАДЫ

Қызығы, зерттеу барысында жастар мен жасөспірімдерге ел болашағын қалай елестететіні жайлы сұрақ қойылған. Дәлірек

айтқанда, алдағы он жылда қандай өзгерістер болуы мүмкін екенін сұраған. Екі ұрпақта Қазақстанның технологиялық дамуы мен саяси бағытын ескере отырып, жауап берген. Z буыны технологияның дамуы мен әлемдегі тыныштықты сөз етеді.

«Әрине, технология қаттырақ дамиды деп сенемін, сонымен қатар өмір де қиындап барады», «Ғаламтор желісі мен технология жаңа деңгейге сөзсіз жетеді», «Жақсырақ дамыған, мүмкіндіктерге толы әлем болса деймін» деген мазмұндағы жауап көп кездескен.

«Қазіргі ғасыр оңып тұрған жоқ. Көбі еркіндік пен әдептің ара жігін ажырата алмай жүргені қалпандырады. Алға басып жатырмыз деген қадамымыз, керісінше, бізді құлдыратып жатқандай. Әрине, бәрі емес. Бірақ осы қарқынмен кете берсек, 10 жылдан кейін зардабын тартатын шығармыз», — дейді Z ұрпағы өкілі.

Ал Альфа ұрпақтың жасы кіші (12 жастан төмен) болса да, оларды елдің саяси, экономикалық жағдайынан бейхабар деп есептеу дұрыс емес. Зерттеу нәтижесінде олардың да қоғамда болып жатқан мәселер жайлы ойланып, уайымдайтыны белгілі болды.

«Мен басшылардың дұрыс жұмыс істеп, қаланы таза ұстағанын қалаймын», — деп Альфа ұрпақ өкілінің жауап беруі — осыған дәлел.

Жанель ЕРКІНБАЕВА,
Мақсұт Нәрікбаев университеті студенті

МЕРЕЙ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БОЙТҰМАРЫНА –

35 жыл



Әр басылымның өзіне тән концепциясы, болмысы бар. Сол сияқты «Ана тілінің» сүйенері, қорғайтыны – қазақ тілі. Мұндағы әр материал, ой, құрылым ана тілін қадірлеуге үйретеді. Ұлт үнжариясының әуелгі бағыты – ағарту. Бұл басылым газет ардагерлері салған сара жолдан ауытқыған жоқ. Әлі де жас буынның бабалар сүрлеуіне үңілуін, діл мен діңнен ажырамауын, өткен мен болашақтың тоғысқанын қалайды. Әрі сол миссиясынан жаңылған жоқ.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ҰЛТ АЛДЫНДАҒЫ ҮНДЕУ

Иә, «Ана тілін» парақтай қалсаңыз, ежелгі Орхон-Енесей ескерткішін аралап, қуғын-сүргін жылдарына түсіп, Алаш зиялылары тарихын зерттеп жүргендей күй кешесіз. Тіл мәселесі туралы тегеурінді мақалалардың жөні бөлек. Тарихы 90-жылдардың басынан басталатын басылым ұстанымынан танған емес. Қазақ тілінің еркін тыныстауына, термин мәселесіне, қолданыс аясының кеңеюіне мұрындық болып жүр. Ұлт мұратын ту еткен үнжария оқырманын жоғалтқан жоқ. Әлі де хат жазатын, «газетім келмегеніне бәленбай күн болды» деп қонырау шалатын жоктаушысы бар.

Айталық, газеттің алғашқы саны жарық көрген 1990 жылдың 22 наурызында басылымның атын естігенде-ақ жұрт шұқырасқан. Себебі атауының өзінде сол тұста жұтқыншақты кенеп тұрған түйнек бар-ды. Содан ба, жаңбырға қарамай жиылған ел қол соғып, ерекше қошемет білдірген деседі. Аталған жылдың аяғында газет тиражы 110 мыңға жетіп, сең қозғаған. Ауыл-ауылдан газетке хабарласып, хат жазып, «ауыл болып түгел жазылдық, тілдің жайын көтере беріңіздер» деп қолдау білдіргендер көп еді. Бұл Кеңес өкіметі тұсында ана тілінің жабықтан сығалап жүргеніне ашынған ел еңсесін көтеріп, қауыз жарған шағы. Халық қолдауынан қуат алған журналистер де аянған жоқ. Мәселені мінберге жеткізіп, тарихпен үндесудің жолын іздеді.

Іздеген мұратқа жететініндей, алғашқы санынан-ақ қазақ баспасөзі бұрын барламаған тақырыптарды қаузайтын апталық жұрт назарынан түскен жоқ. Газеттің алғашқы бас редакторы

Жарылқап Бейсенбайұлының айтуынша, Ғарифолла Әнес пен Аманкос Мектеп туркітану мәселесі мен Алаш арыстарының ауыр тағдыр-талайына, мұрасына қатысты тақырыпты ту еткен. Сағатбек Медеубекұлы болса тал бесіктен жер бесікке дейінгі салт-дәстүр мен этнографияға бас қойған. Максат Тәжімұрат тарихи тақырыпқа қалам тербеген. Марат Қабанбайдың газетте жариялаған мақалалары кейіннен «Қазақ, қайда барасың?» атауымен кітапқа айналды. Жұрт осы айдармен басылатын автордың мақалаларын іздеп жүріп оқыды. Қоғамдағы ең өткір саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғады. Ал Талғат Айтбаев әлеумет тақырыбына терең бойлап, карттар мен балалар үйіне барып, көргенін ашына сараптады. Бұл бірсыпырасы ғана, газетте қаншама майталман журналист жұмыс істеді. Талай жағдайды қамтыды. «Көкек айы ма, әлде сәуір деу керек пе?», «-ов,-евтен құтылған соң, текті қалай жазамыз?» сынды өткір мәселеге бас қатырды. Жай ғана көтеріп қоймай, шешім іздеді, жауап тапты, сүйінші сұраған тұсы да аз емес.

ӨТКЕН МЕН БҮГІННІҢ ТОҒЫСЫ

Газет бас редакторының Горынбасары Карагөз Серікқызы айтпақшы, газет, газет болғалы қоғамның сөзі әртүрлі, тек басылым бағытын айқындағаны абзал. Ал «Ана тілінің» миссиясы – ағарту. Биыл басшылық кеңесе келе, мерейтой алдында газеттің ескі нөмірлерінен қысқаша үзінді жариялай бастады. Көз жүгірткеннен-ақ өткен мен бүгіннің үндесіп жатқанын байқайсыз. Мысалы, газеттің 4 нөмірінде «Тоң қашан жібір екен?» атты мақалада өзі қазақ мектебінде жұмыс істеп, баласын орыс мектебіне берген педагог жайы жазылған. Қазақ мектебіндегі білім сапасы



жайымен үндеседі. Ал қазір Бағдат Сұлтан есімді жас журналист осы мәселені тереннен жазып жүр. Оның «Аралас мектеп: қазақ тілін қалай оқытамыз?», «Оқулық түсінікті тілде жазылуы керек» және тағы басқа білім мен ғылым жайлы жазғаны ойландырады. Қазір газетте діл мен дәстүр жайында ой саларлық сараптама жазатын Дағжан Белдеубай жолы бір кездегі Ғарифолла Әнесінің бастамасымен тоғысады. Берік Бейсенұлы кезінде шет жерде жүрген қазақтар жайында толассыз келген хаттарға жауап беріп жүргендей. Әлеумет мәселесін көтерген Талғат Айтбайдың үнін қазір Бағдауіл Мұратқызы жалғап жүр. Ақбота Мұсабекқызының мәдениет жайында жазғаны да «Ана тілінің» мақсаты айқын, болмысы бөлек басылым екенін көрсетеді.

Газетті талай маркасқа басқарды десек, қазір редактор – терен ақын Ерлан Жүніс.

Бертінде, Жарылқап Бейсенбайұлынан кейін газеттің тізгінін ұстаған Мереке Құлкенов басылымның қиын-қыстау сәтінде басшы болды. 90-жылдардың аяғына таман тираж саны азайып кетті. Сонда көреген басшы жол тауып, «Ана тілінің» аясын кеңейткен. Сол шақ бас редактордың әлі есінде екен. Оның айтуынша, алғашқы санында-ақ бүкіл министр-ге сұрақ қойған. Өздері басқара-

тын министрліктің мемлекеттік тілді қалай қолданып жатқанына, тіл жағдайын жақсарту үшін не істеп жүргеніне жауап алған. Газеттің қайта түлеп, оқырман тартуға бағытталған алғашқы қадамы осы еді. Ақша бір бүйірден қысқан тұста демеуші іздеудің де жолын қарастырған. Өйткені журналистердің уақытында қаламақы алуы да мұң болған кез-ді. Отандық компанияларды ұлт басылымын қолдауға шақырып, «Қазақойл» компаниясымен бірігіп, қара алтынды «қазуға» кіріскен. Осылайша, сол шақтағы «Ана тілін» мұнай туралы «Алтын дария» айдары құтқарған. Бұдан соң, қанатын тағы қомдаған апталық өткір тақырыптарды қозғауға қайта кіріскен. Әкімдер туралы үлкен мақалалар циклі жарық көрген. Оқырманнан көп хат келіп, бірі әкімін мактап, бірі жақтаған. Біраз әкімнің кемшілігі, облыстағы халықтың хал-жағдайы сол айдардың аясында айтылған. Одан бөлек, шекара жайын, орыс тілді шұбарала газеттің көбін, жастар арасында алкогольизм өршіп бара жатқаны жөнінде жазыл-

мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді. Басылымның 2017 жылы қараша айындағы санында «Әліппемен» қоштасқаннан не ұттық?» деген көлемді мақала жарық көрді. Мәселенің мән-жайын анықтап, министрлікке де хат жолдаған. Арада төрт ай өткенде, сол кездегі Білім және ғылым министрлігінен «Әліппе» мен «Ана тілін» мектеп бағдарламасына қайта енгізетіні туралы сүйінші хабар жетті.

Марқұм ақын Оразақын Асқар да «Ана тілі» газетін үнемі оқитынын, елең еткізер айдарларына, ой салатын мақаласына қызығатынын бірнеше рет айтқан. «Алты Алаштың ардағы», «Тіл мен тұлға», «Тарих тұңғығындағы таңбалы сыр», «Сөзтаным», «Ұлт болам десек, ұрпағыңды ойла» айдарларымен берілетін материалдарды әрдайым сүйсініп оқимын дегені бар.

ЖАНҒА ЖЫЛЫ ЕСТЕЛІК

Естелік турасында газеттің алғашқы бас редакторы Жарылқап Бейсенбайұлынан сұрағанымызда, мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін Болат Шарахымбайды қалай жұмысқа алғаны туралы айтып берді. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабағы қалай оқытылатыны турасында жазғаны редактордың көңілінен шыққан. Қолтаңбасы ширақ жігітті бірден жұмысқа шақырған. Ал Моңғолиядан көшіп келген дәрігер Абай Мауқараұлы «Ана тілінің» арқасында мамандығын ауыстырған деседі. Мауқараұлының мақаласы бірнеше рет жарық көрген соң, басшылық дәрігерге ұсыныс тастаған. Маман мақұл көріп, қаламгерге айналған. Редактордың қуатты журналист Сабыржан Шүкірұлын «Ана тіліне» шақырғаны туралы әңгіме тіпті қызық. Ол кісі кезінде «Егемен Қазақстанда» бас редактордың орынбасары, «Сұхбат» экономикалық апталығының бас редакторы болған. Кейіннен, 1996 жылдың жазында қаржы тапшылығы салдарынан «Сұхбат» газеті жабылып қалған. Сөйтіп, Сабыржан ағанын жұмыс іздемей, үйінде жатқанын естіген. Арнайы телефон соғып: «Егер қомсынбасаңыз, «Ана тілінде» қызмет етуге қалайсыз? Құп көрсеніз, Сіздің күнде редакцияға келіп тұруыңызды да қажет деп таппаймыз. Мақалаларыңызды үйде отырып-ақ жазуыңызға рұқсат береміз», – деген. Сабыржан Шүкірұлы келісімін беріп қана қоймай, редакцияға күнделікті келіп, апталықта он жылға жуық қызмет еткен.

Ал Мереке Құлкенов 2000 жылы «Ана тілімен» бірге көлікпен Қазақстанды аралап шыққанын сағынышпен еске алады. Басылым мұрындық болып осы сапарға журналистермен қоса басқа мамандық иелері – экономистер, медицина, заң қызметкерлері, геологтармен бірге шығып, халықтың әлеуметтік жағдайымен танысқан. Халықтың тұрмыс жағдайы, тілге деген көзқарасы, мемлекеттік тілдің іс жүзінде қолданылу дәрежесін барлаған.

Содан бергі көш үзілген жоқ. Ұлт басылымы әлі де тіл мен тарих, салт пен сана, өткен мен болашақ арасын жалғап жүр. Газеттің сүйенері – халық, қозғағаны – әлеуметтің үні. Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалатынын үндеп жүрген «Ана тілінің» 35 жыл мерейтойы құтты болсын! Қазақ баспасөзінің бойтұмары ғасыр жасын!

Естеріңізде болса, «Ана тілі» газеті «Әліппені» қайтару

ПАРАСАТ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Біз — ғасырлар тоғысында дүниеге келіп, жаңа дәуірдің лебін алғаш сезінген, өркениет өріне беттеген ХХІ ғасырдың перзентіміз. Интернет пен жаңа технология дәуірінде, кітаптан гөрі гаджеттің бәсі жоғары уақытта өмір сүріп жатырмыз. Әрі ұлт әдебиетінде қолтаңбасы қалған көркем сөз шеберлерінің көбін өз көзімізбен көргеніміз жоқ. Сол үшін де шығар, біздің замандастар әдебиет әлемінен алшақ жүреді. Содан соң, әрине қоғамда «жастар кітап оқымайды» деген стереотип қалыптасып та үлгерді. Жалпы алғанда, бұл стереотиптің астарында ақиқат жатыр, бірақ әдебиетті сүйетін, кітапты серік еткен замандастарымыз жоқ емес. Олар аға буын жазушылардың көзін көрмесе де, маржан сөзін оқып, тұтас жан сарайына үңіле алады. Ал бүгінде бізді әдебиет әлеміне жетелеп әкелген сондай аға буын жазушыларымыздың бірінің мерейтойы өтіп жатыр. Көзі тірі болса, дәл өз басымды көркем әдебиетке қызықтырған, тылсым әлемге енгізіп жіберген жазушы Мархабат Байғұт 80 жасқа толар еді.

Бәлкім, атамдай болған тұлғаның еңбегін бағалау мен үшін қиын шығар, бірақ Мархабат Байғұттың әр шығармасында бір мән, бір айтар ой, қоғамда біз байқап қалатын құбылыс бар екенін аңғарамын. Оның жазғандары жай ғана әңгіме емес — тұтас әлем, әр кейіпкері тірідей, әр сөйлемі өз алдына тыныс алатындай. Ол өмірдің үнсіздігін еститін қабілетке ие. Сонысымен жүректі пенденің ішкі жанайқайын қағазға түсіре біледі. Ол — сөзбен сурет салатын суретші. Мархабат ағаны әде-



МАРХАБАТТЫҢ СЕЗІМ ПАТШАЛЫҒЫ

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің, дәлірек Түркістан облысының көптеген аймағының тұрғындары мақта егумен айналысатынын бәріміз білеміз. Мұны неге айтты десеніз, бірі білсе, бірі білмес, қозапая — мақта жинағаннан кейін қалатын сабағы. Шығарманың өзінде: «...қозапая да — мақтаның сабағы. Қоза дегеніміз — мақта. Синоним секілді ғой. Ақ ұлпасы теріліп алынып, қаудыр-қаудыр қауашағын жарым-жартылай жел ұшырып түсіріп, қалғандары қоңырау қағып тұрар» деп түсіндірген. Себебі бұл сөзді барлық адам бірдей естіп, біле бермейді. Тіпті, алғашында күрішті өңірінде өскен маған да таңсық болды. Шығарма өзін оқыттырмай-ақ, тақырыбымен оқырманды қызықтырып қойғаны-ай!

пайымдауымша, мұндағы негізгі мақсат — адамгершілік тақырыбы. Ақыр соңында арбакеш Ерәлімнің үйілген қозапая үстінде «ғарышқа ұшамын» деп өзін түгел өртеп жібергені тегін емес. Өмірдің сан қилы сынағы, торабы көп, тарам-тарам. Бірде көл, бірде шөл, бірде тәтті, бірде ащы болатын кезеңі. Бұл жол Қарақас-Арқас каналы жанындағы Ешкілі ауылының арбакеші Ерәлімді де бейжай қалдырмады. Күйбең тіршілікті үйтіп-бүйтіп тындырып жүрсе жақсы ғой, оған қоса екіжүзді жұрты бар Ерәлімді артық күш құтқара алмас еді. Керек кезде «Ереке», ал басқа уақытта «ешкімге» айналған өзінен де жалыққандай. Бәлкім, несие алып, күн көрермін деген жеңіл ойы да ұзаққа бармады. Өз уақытында Ерәлімнің апасы сол ауылдың әкімінің отбасына, нақты ата-анасына қажет кезде көмек қолын созғаны, бәрі-бәрі жас Ерәлімнің көз алдында әлі күнге жаттанды. Бірақ осындай үлкен көмекті бір уақытта ұмыта салуға да болады екен. Оны сол үйдің «баяғы баласы» дәлелдеп берген еді. Күйінудің көкесі сонда болар. Шынымен-ақ, осындай айналасы адам емес, жантаққа толы өмірден, арбакеш тек «ғарышқа ұшып» құтылды. «Құтылды» деуіміз бәрі шешілді деген сөз емес, әрине. «Тірі қалсаң, тесіп шығарына сенем...» деп үміт артқан Ескарасының біреуге жалданып күнін көріп жүргенінен, қара жердің қойнында жатқан әкесі бейхабар. Бұл шығарма арқылы автор адамгершілік қасиет, өмірдің сан соқпағы, әке сенімі сынды тақырыпты көтерген. Оқу барысында жазушының басқалардан ерекшеленетін тұсы — эмоционалды қасиеті. Яғни, оқырманға барлығын көз алдына елестетуге әрі шынайы сезінуіне мүмкіндік жасайды. Оны шығармадағы «Мақта термейсің бе дейді мені қорлап. Қолме-е-е-ен... Еңке-е-е-й-і-

іп...» деген тұста байқаймыз. Одан қалса, жазушы тек әңгімелетіп отыра бермей, қоғам мен ел шындығын да шығарманың бір бүйіріне кірістіріп қояды. Мысалы, Ерәлімнің «Несие алу дегеніңіз қазақтың өз жерінен ғарышқа ұшуы мәселесін Мәскеу арқылы шешпектен титімдей де жеңіл шаруа болмай шықты» деп айтқан сөзінен бір емес, екі бірдей мәселені көтергені бірден көзге ұрады. Оны талқылап, айтпаса да айдан анық көрініп тұр. Міне, нағыз жазушыға тән қасиет! Нағыз халқының, жұртының адамы екені осындайда білінері сөзсіз. Қазақтың сөз өнерін алты қанатты ақ орда десек, сол ордада Мархабат аға қалдырған алтын сандық бар деп білемін. Ішін ашып, мұрасын оқи қалсаң жан дүниен өзгеше күйге бөленетіндей көрінеді маған. Ағамыздың қаламының құдіретін сонда сезінерсіз! Мұны тек мен айтып отырғаным жоқ. Қазақтың біртуар жазушысы, қоғам қайраткері, баспасөздің баһадүрі атанған Шерхан Мұртаза «... Бұл жазушыда жаратушы өзі бұйыртқан уыз тіл бар» деген еді. Ал шығармасын әр оқығанда әрқалай түсінетін, нағыз шытырманның құрсауында байлап ұстар жазушы Дулат

Исабеков «Мархабат Байғұт — әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы» деп баға берді емес пе?! Міне, сөз зергерлері осылай десе, демек Мархабаттай тұлғаның заманында өмір сүрген біз бақыттымыз! Сондықтан да, осындай әдебиетте өзін емес, шындықты сөйлеткен, халқының жан дүниесін әр шығармасына өре білген тұлғаның еңбегін оқу ғанибет. Оған жұмсаған уақытың — өміріңдегі алтын кезеңнің бірі.

Мархабат Байғұттай қарымды қаламгер шығармашылығына, әдебиет әлеміне қанша тоқталсақ та аз. Себебі Мархабат Байғұт — әдебиет әлемінде сөздің шырағын жаққан жандардың бірі. Қаламына көк сия емес, халқының үнін құйып алғандай. Өз заманына ғана арнап емес, өскелең ұрпаққа да бағыт-бағдар беріп, шығармашылығына адами қасиетті сіңірді. Олар мәңгіге біздің жанымызда әрі жадымызда. Сөзімді шығармадағы Ерәлімнің мына сөзімен аяқтағым келеді:

*«Ақша деген немене, тапқан құлға,
Ақ теңгесін кім берер қара пұлға.
Қолдан келсе, еліңе еңбек сіңір,
Бұл өмірге болмайсың сен де тұлға!».*

Әрине, ойлана қарасақ, бұл тек Ерәлімнің емес, Мархабат ағаның тікелей үндеуі. Ағамыздың шығармашылығынан да мысалдар келтірдік. Мұндай астарлы ойдың, қоғамға тастаған үндеудің қаншасы сол бір алтын сандықтың ішінде жатқанын түсінген боларсыз. Ал сандықты ашуға не кедергі?! Жауап айту — сіздің еншіңіз, мендік міндет — ой тастау. «Кітап оқымайтын ұрпақтың» ойы ғой бұл.

Ерсұлтан АЛПЫСБАЙ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
2-курс студенті

Әдебиетте өзін емес, шындықты сөйлеткен, халқының жан дүниесін әр шығармасына өре білген тұлғаның еңбегін оқу ғанибет. Оған жұмсаған уақытың — өміріңдегі алтын кезеңнің бірі.

биетке қаламмен емес, жүреппен келген жазушы деп ұғамын. Бұл сөзіме жазушының «Сырбұлақ», «Қорғансыз жүрек», «Дауыстың түсі», «Аңсар», «Күнгей көңіл», «Нәуірзек» және т.б. кез келген еңбегі дәлел болмақ. Мұндай жүректі қозғаған шығармаларын оқып, көңілге тоқып отырып, өкінесіз. Өкініштің себебі — «Шіркін, ағамызбен өмірде тым болмағанда бір рет болсын кездескенімде ғой!» деген ойдан шығады. Неге олай? Бәрін айт та, бірін айт, Мархабат Байғұттың «Қозапаясын» айт! Міне, дәл осы шығарманы оқығаннан кейінгі менің өкінішім осы болған еді.

Жазушының тағы бір ерекшелігі — шығарманың басты кейіпкерінің өзгеруі. Бұлай дегенім қаншалықты орынды, білмеймін, бірақ әуелгіде шығарма Ескара жайында деп ойлайсың. Бірақ оқи отыра мұнда басты кейіпкер Ескара емес, әкесі Ерәлім екенін байқайсың. Шынымды айтсам, басында жай қарапайым оқиға деп ойладым, бірақ соңына дейін оқыдым. Неге, білесіз бе? Себебі Мархабат ағаның қаламының құдіреті сондай, сөзден көусар бұлақ ағызғандай ерекше. Мұндай шеберлікпен жазылған туындының соңына жетуге асық болдым, оқи отыра шеберлігіне ғашық болдым. Менің

ОЙТАЛҚЫ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Футбол федерациясы манежіне қарап, таңданып тұрғанымызда жанымызға бір бала жүгіріп келді. Өзін суретке түсіруімізді сұрап, штативті қызықтады. Үстіне киген ұлттық құраманың жейдесі жарасып-ақ тұр. Артынша достары келіп еді, жүгіре басып, жанына жетті. Ата-аналар да бір-бірімен есендесіп, жанкүйер орнына жайғасты. Біз де маңызды матч көруге келгендей отыра кеттік. Әуелде аутизм және Даун синдромы бар балалар футболының форматын білгіміз келген. Сөйтсек, спортта шектеу жоқ, шектеу санамызда екен.

Балалар жаттығу жасап, денесін қыздыруға кірісті. Бапкер Петр күлімдеп, бірденені түсіндіріп жатыр. Алыста отырған соң естімедік. Бірақ емен-жарқын қарым-қатынасына қарап сүйсіндік. Содан кейін олар алаң шетімен жүгіре бастады. Көздері бал-бұл жанып, бір-бірін демеп келе жатқандай. Бірінші рет көрген адамға да команданың рухы сезілді, білем. Ата-аналардың көзқарасынан матч басталуын тағатсыздана күтіп отырғанын жазбай таныдық. Осы тұста жанымызға Uni football League жобасының координаторы Самал Төлегенқызы келді.

ШАПАҒАТЫ МОЛ ЖОБА

«Болашақ» корпоративтік қоры Uni football League жобасын 2023 жылдың қарашасында бастады. Бастапқыда қордың жыл сайынғы Қысқы қайырымдылық балынан түскен қаражатын жұмсадық. 2 жылдан бері Freedom шапағат қайырымдылық қоры демеуші болып жүр. Футбол федерациясымен бірлесе жұмыс істейміз. Қазір еліміздің 9 қаласында 111 бала доп теуіп жүр. Жоба қатысушылары — 10-18 жас аралығындағы аутизм, Даун синдромы, дамуында басқа да ерекшелігі бар жасөспірімдер. Иә, алғашында күмәндандық. Диагнозы бар балалармен командалық спортты ұйымдастыру жайына алаңдадық. Өйткені дамуында менталды бұзылысы бар балалар топтық ойындарға қатыса қоймайды. Олар көбінесе жеке спорт түрлеріне бейім. Мысалы, жүгіру, жүзу сияқты спорт түрін таңдайды. Бірақ федерацияның арнайы жаттықтырушылары күдікті сейілтті. Ыждаһатты жұмыс нәтижесінде балалар аптасына екі рет келеді. Жай келмей, мына алаңға эмоция мен күш ала келеді», — дейді ол.

Аталған қордың «Әр бала мектепке лайық» бағдарламасының басталғанына 10 жыл толды. Сол шақта инклюзивті білім беруді дамытуды қолға алса, қазір қосымша білімге серпін беріп жүр. Соның бір қанаты — спортқа баулу. Дамуында ерекшелігі бар баланың мектепке барғанының өзі — жетістік. Бұл саланың өзінде қордаланған мәселе көп. Оларға қосымша білім беру қажетті деңгейде емесі тағы бар. Жоба мамандарының айтуынша, олар физиологиялық, менталды ерекшелігіне байланысты секцияларға

қатыса бермейді. Екіншіден, үш мегаполистің өзінде мүмкіндік аз. Сондықтан осы жобаны естіген ата-аналардың қуанышында шек болмаған.

«Білесіз, ерекше баланы үйде қамап ұстай алмайсың. Сыртқа шығарайын десең, бәрі тандана қарайды. Бала мұны сезбейді емес, сезеді. Содан-ақ өзін қоғамнан бөлектеп, ой шырмауына қамап алады. Жылайды, сұрайды. Ұлым «мама, менің неге досым жоқ» де-

бөлмейді. Жетістігіне бірге қуанып, бірге қадам басады.

Алаңда бізден басқа жоба авторы Шыңғыс Темірханов барды. Білікті басшы балалардың бірінші жаттығуынан-ақ бірде-бір ойынды жібермеген. Өйткені жан-жаққа қашқан ұлдарды қолынан жетектеп, доптың қасына әкелген де өзі. Расында, бұл жаттықтырушы — ЦП футбол мен Blind football-ды Қазақстанға әкелген маман. Бұл не десеңіз, ЦП футбол — церебрал-



САНСЫЗ ШЕКТЕУ



генінде ештеңеге қарамай, машинаға салып алып қала кезіп кетемін. Осы ҚФФ ғимараты маңынан өткенде «шіркін, балам алаңда доп тепсе» деуші ем. Тілегімді жақын-жуығымның бәрі біледі. Бірде таңысым хабарласып, қордың жоба бастағанын айтты. Қуаныштан төбем көкке жеткендей болды. Бастаманы қолдаған «Freedom Шапағат» қайырымдылық қорына алғыс айтамын. Даниэль — 14 жаста, аутизм диагнозы бар. Лигада доп теуіп жүргеніне 3 жылға жуықтады. Алғашында аланның бұрыш-бұрышына қашқан балалар — қазір бір команда», — дейді ата-ана Жәмила Дүйсенқызы.

Айтқандай, жанын салып пас беріп жүрген балалардың алғашында допка қарамағанын естігенде таңырқадық. Себебі қазір мұның жұрнағы да жоқ. Ойланып тұрғанымызда Санжар соққан доп қақпа торын тоғытты. Ата-аналар: «Гоооол, Санжар жарайсың!» — деп шұқырасты. Қуанарлығы, олар «менің балам, сенің ұлын» деп



Қазір елімізде 508 арнайы білім беру ұйымы бар. Соның ішінде ерекше баланың білім беру қажеттіні анықтау және бағалау, оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша отбасына кеңес беру мақсатында 110 ПМПК жұмыс істейді. Оқыту, тәрбиелеу, оңалту мақсатында 398 арнайы білім беру ұйымы тағы бар. Соның ішінде 99 арнайы мектеп, 45 арнайы балабақша, 230 түзету кабинеті, 11 аутизм орталығы, 13 оңалту орталығы.

ды сал ауруы немесе жүре пайда болған ми жаракаты бар адамдарға арналған командалық спорт түрі. Ал Blind Football — ішінара немесе толықтай көру қабілеті зардап шеккен адамдарға арналған футбол турнирі.

«Өзім футболдағы инклюзия бойынша шетел мамандарынан дәріс алдым. Тәжірибе жүзінде сынап та көрдім. Осы бағытты дамыту жөнінен шетелден грант иеленгенім бар. Ал аутизм және Даун синдромы бар балаларды футболға бейімдегім келетінін айт-

қанымда жобаның ертеніне күмәнмен қарағандар болды. Дегенмен «Болашақ» қоры қолдап, бастап кеттік. 9 қалада да тәжірибелі тренерлер жұмыс істейді. Оларға алдын ала дәріс оқып, дайындадық. Аталған қор мамандары да диагнозы бар балалармен жұмыс турасында тренинг ұйымдастырды. Жаттықтырушыларға үнемі психологиялық қолдау көрсетемін. Жаттығудан соң көңіл күйін сұрап, демеуге тырысамын. Методика бойынша мұнда сары және қызыл қағаз көрсету жоқ.

Ысқыруға тіпті рұқсат жоқ. Өзі үркіп тұрған баланы одан сайын қорқытуға тыйым саламыз. Аут пен бұрыштамада допты қолмен тастауға рұқсат. Өз қақпасына гол соқса да, қуанамыз. Себебі олар әлемді өзінше таниды. Біз қоғамға бейімдеуге, денеге салмақ түсіруге тырысамыз. Қақпаға соққы бағыттауды біліп, игергенінің өзі жетістік», — дейді жоба жетекшісі.

СПОРТ — ЕРЕКШЕ ЖАННЫҢ ТІРЕГІ

Жетекшінің сөзін мұқият тыңдап отырған Самал Төлегенқызы алда секция жанынан мінез-құлық талдаушы мамандарды жұмылдыратынын айтты. Мамандар балаларға психологиялық қолдау білдіріп, көмек береді. Айта кетерлігі, балалардың арасында мектепке де бармай, тек футболға келетіні бар. Олардың әлеуметтенуі аптасына екі күнмен шектеледі.

Жалпы, Астанада Uni football League-қа 12 бала қатысады. Әлия Ақпанбайқызы да ұлын алғашқының бірі болып жетектеп келген. Ұлы Алдияр — 17 жаста 8 сынып оқушысы. «Астана» клубының шынайы жанкүйері, бірде бір ойынын жіберген емес. Анасының айтуынша, бойындағы ауытқуын 3 жасында байқағанымен, түпкілікті диагноз 5 жасында қойылған. Содан бері спортпен дос. Жүзеді, хоккей ойнайды, шаңғы тебеді. Тұрақты түрде футболға барады, паравелоспорт құрамасына мүше.

«Ұлыма диагноз қойған шақта аутизм туралы ақпарат аз-ды. Коррекция орталығы жоқтың қасы. Сол үшін Петропавлдан Астанаға қоныс аудардық. Елордада да оны футболдан, хоккейден тренер команда жаттығуына алғысы келмеді. Сондықтан жеке жаттықты. Негізі, шаңғыны да, роликті де, басқасында өзім үйрет-



ОЙТАЛҚЫ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

тім. Алаңқайға апарып, жүгіріп-секіретінмін. Келе-келе инклюзив коғам қалыптасып, алға баса бастады. Қазір мүмкіндік көп. Баланы барынша дамыту керек. Иә, оны ауладағы балалар қоспайтын. Қазір соларға гол соққанын көріп, қуанамын. Футбол баланың екі жарты шарын бірдей дамытады. Бұлшық ет қозғалып, екі аяқпен тең жұмыс істеуді үйренеді. Сондықтан жобаның ғұмыры ұзақ болсын!» — дейді ата-ана Әлия Ақпанбайқызы.

Алдиярдың да мақсаты айқын. Болашақта Қоғамдық тамақтану және сервис колледжіне оқуға түскісі келеді. Сол үшін «Болашақ» қорының кәсіптік білім беру курсын жібермейді. Анасының айтуынша, қамыр жайып, бауырсақ пісіргенді ұнатады. Тамақты дәмді жасайды. Өзіне осы процесс, піскен тамақтың дәмін көру ұнайды екен.

«Баласының диагнозын білген ата-анаға айтарым, спортпен шү-



Петр қазір тек жаттықтырумен шектелмей, өзі де ізденіп, түрлі семинарға қатысып, Еуропа тәжірибесін зерттеп жүр. Оның арманы — біліктілігін арттырып, инклюзивті спорт саласына жаңа әдіс-тәсіл әкелу. Доп пен тағы басқасын жинап жүрген оның шаршағанын байқамадық. Көзі күлімдеп, қуана жауап береді. «Бұл балалар энергиянды сормайды, керісінше эмоция сыйлайды» деп кесіп айтты. Расымен, жасөспірімдердің емен-жарқын күйде доп теуіп, бапкерімен қимай қостасқаны бізге де ұнады. Әр сейсенбі мен бейсенбіні асыға күтетіні көрініп-ақ тұр. Әсіресе, әкесі қайта-қайта суын беріп, жігерлендіріп жүрген балаға назарымыз ауды. Ол да бапкеріне ұзақ қол бұлғап, киімін ауыстыруға асықпады.

Санжар — Даун синдромымен өмірге келген бала. Бірақ ата-анасы да, Санжар да диагнозды кедергі ретінде қабылдамайды. Қимылы ширақ, ерік-жігері мықты. Командаластарынан бір елі қалмайды, кейде тіпті алға озып кететіні де бар. Әкесінің айтуынша, оның күші — ашық суда жүзу. Жүздегі төрт стильді тең менгерген. Қазан қаласындағы Special Olympics жарысы, Қапшағайдағы әлем чемпионаты, Дубайдағы халықаралық бәсеке — көпшілікке белгісіз баланың үнсіз ерлігі. Дәлірек айтқанда, күресі. Оның мақсаты айқын. Сол жолда ата-анасымен бірге тер төгіп жүр. Алда Virtus ұйымы өткізетін ашық жүзуден әлем чемпионатына баруды армандайды. Одан кейінгі меже — Паралимпиада алтыны. Әрине, Лос-Анджелестен кейінгі Паралимпиадада ашық жүзу спорты тізімге қосылуы бек мүмкін. Бірақ Санжар жеңіс үшін емес, шектеуі жоқ коғам үшін жүзуге бекінген. Жұлдызын жарқырасын, балақай!

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ,
Әсет ҚАЛИ

САНАДА

ғылдануына жағдай жасаңыз. Спорт — ерекше баланың тірегі. Қоғамға бейімделіп, еркін өмір сүруінің тұтқасы. Әрі орта тауып, машық менгеретіні тағы бар. Бәріміз баламен бірге дамыдық, жол іздеп келе жатырмыз. Алдиярдан кейін үш балам бар. Кенжелері тіпті балабақша жасына жетпеді. Бірақ өзім Алдиярды жетелеп жүрмін. Курсына да, оналту орталығына да апарамын. Мен дамылдам, баламның дамуы тоқтап қалады. Сондықтан бір сәтке де аялдамаймын. Өмірім — күрес, соңына дейін күресуге қауқарым бар», — дейді ол.

БАЛАНЫҢ БАБЫН ТАПҚАН БАПКЕР

Ата-аналармен әңгіме-дүкен құрып, жаттығудың қалай аяқталғанын аңдамадық. Инклюзивті футбол секциясының жаттықтырушысы Петр Александровичті жолай тоқтатып, жөн сұрадық. Сұхбат барысында бұл жан дүниесінің тандауы екенін ұқтық. Тәжірибе мен мақсат үндесіп, балалармен энергия алмасам деген ниет тоғысқанын байқадық.

«Быттыр бапкер болуға ұсыныс түсті. Бұған дейін ерекше балалармен жұмыс істемедім. Басында қорқыныш сезіміне бой алдырдым.

Бірақ бұл маған — кәсіби сынақ, жауапкершілік екенін сездім. Алғашқы жаттығуға бір сағат бұрын келгенім есімде, үрей басым. Себебі бұл балалармен қарым-қатынас құру үшін жеке тәсіл, шынайы ниет пен таза жүрек керек. Сонда ғана олар саған ашылады, тыңдайды», — дейді бапкер.

Петр секция тек футболды үйретумен шектелмейтінін бірден түсінген. Жасөспірімнің ішкі дүниесін танып, тіл табысуға тырысады. Уақыт өте келе, жаттықтырушы топпен жұмыс істеп көрмеген балалардан команда жасақтайды. Тіпті, жігіттер күздегі

чемпионатқа қызу дайындық жасап жүр. Кубок көтеріп, медаль тағуға асық.

«Бастапқыда олар тек жүгіріп, өздігімен доп тепті. Қазір тактиканы, командалық ойынның маңызын ұғынды. Маңыздысы, олар жеңісті де, жеңілісті де түсіне бастады. Менінше, әлеуметтенудің алды осы. Мұнда олар бір-біріне серік болуды, қолдауды үйренеді», — деп ой жалғады ол.

Бапкердің айтуынша, әрбір баламен арада сенімді қарым-қатынас орнату — маңызды міндет. Содан кейін ғана жаттығу жемісін береді. Олар жеңілсе — көңілі түседі, жеңсе — шын жүрегімен қуанады. Бірақ әр жаттығудан кейін олар өздерін бір үйдің балаларындай сезінеді. Петр өзінің тағы бір сөзінде: «Біз балаларға ортадан гөрі, отбасы атмосферасын жасап бергіміз келеді. Олар алаңға келсе қорықпайды, өздерін қауіпсіз сезінеді. Ата-аналар көбіне ерекше балаларын көпшілік ортадан алыстатуға тырысады, өйткені оларды түсінетін орта жоқ. Бірақ біз жігіттерге еркіндік бергіміз келеді», — делі ол.



P.S.

Сөз соңында статистиканы сөйлетуді жөн көрдік. Себебі елорданың өзінде инклюзив коғам енді ғана адымдап келеді. Қоғам ерекшелігі бар баланы ортаға қосуға асықпайды. Неге? Өйткені олар қосымша білім беруді былай қойғанда, жалпы білім беруіне керек. Арнайы балабақшаға барудан бастап, мектептегі тьютор мәселесі күн тәртібінде тұр. Ресми мәлімет бойынша, қазір елімізде 508 арнайы білім беру ұйымы бар. Соның ішінде ерекше баланың білім беру қажеттігін анықтау және бағалау, оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша отбасына кеңес беру мақсатында 110 ПМПК жұмыс істейді. Оқыту, тәрбиелеу, оналту мақсатында 398 арнайы білім беру ұйымы тағы бар. Соның ішінде 99 арнайы мектеп, 45 арнайы балабақша, 230 түзету кабинеті, 11 аутизм орталығы, 13 оналту орталығы.

Білесіз, бертінге дейін ауылда көбінесе бала үйден оқитын. Оның үйіне барып білім беру, тәрбиелеу — мұғалімнің ар-ұятындағы дүние еді. Мүмкін сол кезден бастап жүйені қатаңдату қажет пе еді? Сонда тұрғын үй ауласында ерекше балаға үрке қарап, баласын бауырына тыға алшақтайтын буын қалыптаспасты. Ал үрейді жеңуге жоғарыдағыдай жобалар жетелеп жүр. Өйткені әрбір ұл футболшы болуды армандамайтын ба еді? Алдиярдың анасы да ұлының жатса-тұрса ойлайтыны аладоп екенін айтты. Осы жоба ашылғанда қуаныштан көз жасына ерік берген ата-ана қаншама?! Сондықтан кәсіпкерлер мен қоғамды ерекше балаларға қолдау білдіруге шақырамыз. Мысалы, Алдияр кішкентайынан әкесімен бірге «Астана» клубының ойынын жібермей көреді. Әкесінің сөзінше, үйдің бұрыш-бұрышы футболмен байланысты естелікке толы. «Астана-Аренаға» аладоп қайта оралғанша тағатсыздана күткеннің бірі де осы — Алдияр. Онда неге еліміздің белді клубы жанкүйерін матчқа арнайы шақырып, абонемент табыстамасқа?! Осындайда болайын деп тұрған баланың белін бұған игі.

КӨЗАЙЫМ

24 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда қазақы нақыштағы киімді қоғам өміріне кеңінен енгізу жөнінде тапсырма берді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің арнайы жұмыс тобы елімізде ұлттық киім үлгісін қоғамға енгізу және жастар арасында сәнге айналдыру бойынша ұсыныстар әзірлеп бастады. Жалпы, этностильді жастар арасында сүйкімді ету үшін қандай жұмыстар қажет? Заманауи үлгі ұлттық нақышты жатырқап жүрген жоқ па? Мамандар не дейді?

ӨНЕР МЕН ТАРИХТЫҢ НАСИХАТЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

Соңғы жылдары елімізде ұлттық киімдерді насихаттау жөнінде шаралар атқарылып келеді. Мәселен, «Наурызnama» онкүндігі аясында «18 наурыз — Ұлттық киім күні» болып жарияланды. Бұл күні еліміздің барлық аумағында ұлттық киімдер шеруі өтті. Сондай-ақ бұл бастамаға еліміздегі мемлекеттік органдар мен ұйымдар қолдау білдіріп келеді. Аптаның белгілі бір күні, әдетте бейсенбі не жұма күндері жоғары оқу орындарының, білім ордаларының оқытушылары мен оқушылары қазақы нақышта киінуді дәстүрге айналдырды. Бұған қоса, Астана, Павлодар және Ақтөбе өңірлерінде тұрақты өтетін Тақияfest фестивалін атап өтуге болады. Сарапшылардың айтуынша, ұлттық киімді тартымды етуді оның тарихын насихаттаудан бастауымыз керек. Филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Әшірбекованың айтуынша, жастардың өнер мен тарихқа қызығушылығын арттыру үшін насихат жетіспейді.

науи талаптарға сай, әдемі әрі стильді етіп ұсыну қажет. Сонда ғана ол жастар арасында танымал бола алады», — дейді Гүлмира Шайтмағанбетқызы.

Бүгінде этностильге сұраныс бар. Бұл салада қызмет етіп, түрлі заманауи үлгіде коллекциялар ұсынып жүрген этнодизайнерлер қатары көбейіп келеді. Әйтсе де, қазақы үлгідегі киімдердің бағасы көбіне-көп көпшілікке қолжетімсіз. Гүлмира Әшірбекованың пікірінше, нарықта жүрген

атап өтті Гүлмира Шайтмағанбетқызы.

ЭТНО — БҰЛ ТЕК ТОЙДЫҢ СӘНІ ЕМЕС

Еліміздегі этнодизайнерлер Ұлттық киімнің болашағына сенеді. Өйткені жастардың арасында қазақы нақыштағы кез келген бұйымға, киімге, аспаптарға, әшекейлерге, тіпті жиһаз үлгілеріне

көрсетілімдері мен шеберлік сабақтарында жастар ұлттық нақышты тек мәдени мұра ретінде емес, трендке айналдыруға дайын екенін дәлелдеп жүр. Қазіргі буын өз тамырын іздейді, соны заманауи тәсілмен табуға тырысады. Сондықтан этностиль бүгінгі заманның ұлттық жаңғыруына айналып келеді», — дейді Салтанат Аминқызы.

Қазақ халқы ұлттық киімді әшекейлеуге ерекше ықылас аударған. Әр оюға ерекше мән беріп, оның қайда, қандай бұйымда немесе қандай киім үлгісінде қалай қолданылатынына зер салған. Мәселен, баскиімдерге қолданылатын ою-өрнек түрлерін киімнің етегіне немесе шалбардың балағы-

Оюлы
орамаалым —
БҮГІННІҢ
БРЕНДІ

на қолдануға, сондай-ақ керісінше етікке, балакка ойылатын ою түрлерін жағаға жапсыруға болмайды. Мысалы, «ит құйрық» аталатын өрнек ешқашан баскиімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дұшпаның кеуденнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Сонымен қатар оюлардың тарихына, мән-мағынасына терең үңіле отырып, ер мен әйелдің киімдеріне ойылатын оюларды өзара ажырата білген. Этнодизайнер Салтанат Жапарованың пікірінше, жастар арасында ұлттық киімдердің үлгілерін ғана емес, ондағы айшықты бейнелерді, яғни ою-өрнектерді және олардың тарихын насихаттасак игі.

«Әрбір өрнек — қазақтың рухын бейнелейтін визуалды таңба. Біз осыны заманауи аудиторияға дизайн арқылы жеткізіміз керек. Мәселен, менің туындыларымда «қошқармүйіз», «сыңармүйіз», «түйетабан», сондай-ақ шаңырақ, бүркіт, алтын адам сияқты бейнелер жиі кездеседі. Бұл танбалар — қазақ дүниетанымының, философиясының коды. Мысалы, қошқар мүйіз — береке мен молшылықтың, шаңырақ — бірлік пен отбасының символы. Яғни, бешпет, бүрмелі көйлек, такия сынды ұлттық киімдерді күнделікті өмірге бейімдеуден бөлек, осындай қазақы өрнекті заманауи киімдерде бейнелеу арқылы да жастардың қызығушылығын арттыруға болады. Жастар арасында street style-ге этноэлемент қосуды жиі тәжірибеден өткізіп жүрміз. Бұл бағытта арнайы коллекциялар дайындадық. Мысалы, street-style шапандар, этнобелдіктер, заманауи кроссовкамен үйлесетін жейделер, басқалта ұлттық оюмен өң беру — мұның бәрі жас дизайнерлер мен жастар арасында кең танымал бола бастады. Қазақстанда ғана емес, шетелдік аудитория да осы бағыттағы өнімдерге қызығушылық танытуда. Біздің мақсат — этностильді күнделікті өмірге енгізу, өйткені этно — бұл тек тойдың сәні емес, ұлттық болмыстың заманауи көрінісі», — деп атап өтті этнодизайнер.

Аружан НҰРМАХАНҚЫЗЫ,
Ділназ РАФАИЛ

• ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ:

Әлемде ұлттық киімі тек музей экспонаты немесе мерекелік салтанаттың бір бөлшегі ғана емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған бірнеше ел бар:

- Бутан — ұлттық киімді күнделікті өмірде киюді заңмен бекіткен санаулы елдің бірі. Мұнда ерлер — гхо, әйелдер кира киеді. 1989 жылғы заң бұл киімді ресми орындарда міндеттеді.
- Thawb — Сауд Арабиясы ерлерінің күнделікті және ресми мекемелерде де киетін ұзын, кең көйлегі.
- Ao zai — Вьетнамда әйелдер арасында кең таралған ұлттық киім, кей өңірлерде мектеп формасы ретінде қолданылады.
- Бажу куронг пен кебая — Малайзия халқының ұлттық болмысты сақтай отырып, тұрмысқа бейімдеген күнделікті киімі.
- Нигерия жұртының да күнделікті киімі ұлттық нақышпен әсемделген: йоруба халқы — агдаба мен буба, хауса-фулани халқы кафтан мен хиджаб киеді.
- Индонезияда дәстүрлі кебая — гүлді өрнекпен безендірілген, жібек не макта саронгпен үйлесетін ұлттық киім. Оны яван, балий, сундан халықтары күнделікті өмірде киеді. Кебая көршілес бірнеше елде де кездеседі.
- Үнді елінде пагди деп аталатын тюрбан — ұлттық бас-киімнің айрықша үлгісі. Салмағы 45 келіге дейін жететін пагдиді тігу үшін 645 метр мата қажет, соған қарамастан үнді азаматтары пагдиді күнделікті киеді.

«Кез келген саланың дамуына дұрыс ақпарат пен жарнама қажет. Егер жарнама жақсы жолға қойылса, кез келген дүниені халыққа қызықты етіп ұсынуға болады. Мысалы, ұлттық киім мәдениетінен бастап, қазақтың алғашқы шалбар кигені, алтын мен күмістен жасалған бұйымдарды қолданғаны, әйелдердің аяқкиіміне дейін алтын жіппен кестелегені — бәрі тарихи дерек. Осыны кеңінен насихаттап, дұрыс таныта білсек, жастар да ұлттық өнер мен тарихқа қызығушылық танытады. Содан кейін барып, ұлттық киімді зама-

ұлттық киімдердің көпшілігі Қырғызстан мен Қытайда тігіледі.

«Қазақтың киім мәдениетінде бүгінде ұмыт бола бастаған бүрмелі көйлектей дәстүрлі үлгілері бар. Қазіргі таңда отандық дизайнерлер әдемі әрі заманауи ұлттық киімдер тігіп жатыр. Бірақ олардың бағасы қымбат, көпшілікке қолжетімсіз. Күнделікті киюге арналған киімдер қалтаға салмақ түсірген сон, ұлттық киім мәдениеті кең дамымай отыр. Дегенмен этно үлгідегі дүниелер мүлде қолданыстан шығып кетті деуге де болмайды. Мысалы, қазір көшеде шапан киіп



жүрген адам көрсен, таңғалмайсың. Себебі ол күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналып үлгерді. Такия, камзол да солай — бұл біздің ұлттық киіміміздің қайта жаңғырып келе жатқанын білдіреді. Ұлттық киімдерді күнделікті өмірде кию қалыпты жағдайға айналып келеді. Мысалы, университет ішінде бірқатар әріптесіміз үнемі ұлттық киіммен жүреді. Бұл үрдісті әрі қарай дамытып, жандандыра беруіміз керек. Бірақ, өкінішке қарай, нарықта жүрген ұлттық киімдердің көпшілігі Қырғызстан мен Қытайда тігіледі. Бұл істі өзіміз неге қолға алмаймыз? Отандық дизайнерлер ұлттық киімді бағасы қолжетімді матамен тігіп, неге сатпайды? Еліміздегі этнодизайнерлер сән саласына ғана емес, нарыққа бейімделіп жұмыс істеу керек. Сондай-ақ қазір әлеуметтік желілердің дәуірі. Ел алдында жүрген танымал тұлғалар, әсіресе жастардың кумири саналатын өнер жұлдыздары ұлттық киімді заманауи үлгімен сәтті үйлестіріп, трендке айналдыруға тиіс», — деп

қызығушылық жоғары. Қазақстандық этнодизайнерлер одағының президенті Салтанат Жапарованың айтуынша, қазіргі буын өз тамырын іздейді, соны заманауи тәсілмен табуға тырысады.

«Этнодизайн — бұл қазақтың бай мұрасы мен рухани кодын заманауи әлемге жеткізудің визуалды тілі. Біз ұлттық нақышты заманауи сәнмен, цифрлық дизайнмен, интерьермен және білім беру жобаларымен ұштастырып, көрерменге жанаша форматта ұсынып келеміз. Мысалы, «Ақ Кербез» атты топтамада шапан мен кәжекейдін заманауи үлгілерін жасап, Испания мен Катардағы халықаралық подиумдарға шығардық. Сонымен қатар білім саласында «Этнодизайн» үйірмесі мен авторлық бағдарламалар арқылы мектеп оқушыларына ұлттық өнерді қолмен жасап үйрену мүмкіндігін беріп жатырмыз. Жастардың талғамы соңғы жылдары едәуір жаңарып, олар дәстүрлі элементтерді ерекше стиль ретінде қабылдай бастады. Біз ұйымдастыратын сән



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА – ДАҢҒЫЛ ЖОЛ

Астанада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 29 жылдық мерейтойы салтанатпен тойланды.



Мерекелік шара концерттік бағдарламалар, спорттық жарыстар, ойын-сауық бағдарламалары, флешмобтар және мәдени мұра көрмелерімен айшықталып, талантты жастардың ұлттық құндылықтарды ұлықтаған тамаша өнерімен ажарлана түсті. Салтанатты жиында университет басшысы Ерлан Сыдықов сөз сөйлеп, халықаралық деңгейде мойындалған оқу орнының ғылыми-білім беру орталығына айналған жетістіктері мен мүмкіндіктерін атап өтті.

— Біздің университет — бұл тек тарих пен дәстүр ғана емес, бұл — ғылым мен білімнің болашағын жасайтын адамдар. Біз әрбір студентімізбен, әрбір оқытушымызбен, әрбір түлегімізбен мақтанамыз, — деді ректор.

Университет аумағында өткен жәрменкеде қыш құмыралардан бастап антропологиялық жинақтар

және шетелден келген студенттер ұсынған әр ұлттың мәдениетіне тән материалдық мұралар жиналғандардың көзайымына айналды. Қыш құмыра бұйымдар жасаумен айналысатын Диана Жалелқызы қыш өнері жайлы әңгімелеп берді.

— Еуразия университетінің өкілдерінің арқасында осы жәрменкеде керамикалық терапия туралы көбірек айтуға мүмкіндік алдық, Керамика терапиясы — стресстік күйден арылуға және психологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Сондықтан бұл саламен кез келген жаста айналысуға болады, — деді ол.

Университет мерейтойы ән-күй, мың бұралған бимен шектеліп қана қоймай, марапаттар мен сыйлықтар жауған қуанышты сәттерімен де келушілерге қуаныш сыйлады. ENU Alumni Ambassador кездесуінде әр жылдардағы университет түлектері бас қосып, өзара емен-жарқын әңгімелесті. Сонымен қатар Eurasian Netherlands Business School білім бағдарламасы талқыланды. Бұған дейін ENU Alumni Ambassador — «Қазақстан Құрылысшылар Одағы» РКБ президиум төрағасының орынбасары Серікжан Мергенбаев студенттер арасында бір жылдық грант және ақылы тәжірибе ұтысын жариялаған болатын. Мерейтойда ұтыс жеңімпаздары анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

— Бұл жай ғана мереке емес, бұл университеттік бауырластық рухын қайта сезінуге мүмкіндік. Университетіміз тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік деңгейде де үздік университеттердің қатарында екені белгілі. Демек, бұл оқу орнында Қазақстанның болашағы білім алуға. Білімді, талантты жастарды қолдау — жарқын болашаққа жол салу деп санаймын, деді оқу орнының түлегі Серікжан Мергенбаев.

Ақбота МҰҚТАР,
ЕҰУ-дың 2 курс студенті

ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

Астанадағы Ұлттық балаларды оңалту орталығында жаңа технологиямен жабдықталған роботтандырылған терапия кабинеті ашылды. Салтанатты іс-шарада заманауи Rebless Planar құрылғысы таныстырылды.

Бұл — Оңтүстік Кореяның H Robotics Inc. компаниясы Қазақстанға сыйға тартқан, жоғарғы аяқ-қол қозғалысын қалпына келтіруге арналған соңғы буындағы құрылғы. Инновациялық қондырғы неврологиялық дертке шалдыққан балалардың моторикасын жақсартуға көмектесіп, оңалту процесін анағұрлым нәтижелі етеді. Енді отандық дәрігерлердің мүмкіндігі артып, ем-шараның сапасы жаңа деңгейге көтеріледі. Салтанатты шараға Оңтүстік Кореядан арнайы ресми делегация келді. Олардың қатарында Кореяның мемлекеттік сатып алулар жөніндегі вице-министрі Пэк Сын Бо, жаңа нарықтарды қолдау бөлімінің басшысы Ли Бон Гю, инновациялық өнімдерді көрсету бөлімінің жетекшісі Пак Сан Су және делегация хатшысы Чан Ик Хван бар.

Кореяның мемлекеттік сатып алулар жөніндегі вице-министрі Пэк Сын Боның сөзінше, мұндай жобалар Корея үкіметінің инновациялық өнімдерді шетел нарығына таныстыру және әлеуметтік маңызы бар бастамаларды қолдау стратегиясының бір бөлігі саналады.

«Қазақстан мен Корея арасындағы достық қарым-қатынастың тағы бір айғағы — осы медициналық құрылғы. Біз тек техникамен ғана емес, адам өміріне деген қамқорлықпен де бөліскіміз келеді. Қазақстан дәрігерлері бұл құрылғыны тиімді қолдана отырып, талай баланың өміріне үміт сыйлайды деп сенемін», — деді ол.

Құрметті қонақтар қатарында Корея Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің кеңесшісі Шин Гю Хо, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-

министрі Әлібек Қуантыров, Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Нұрлыбаев, академик Н.Батпанов атындағы Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының директоры О.Бекарысов, сондай-ақ медициналық мекемелер басшылары да болды. Келген меймандарды Орталықтың Басқарма төрағасы Ажар Ғиният қарсы алып, орталық жұмысы, қызмет көрсету бағыттары мен болашақ жоспарлар туралы таныстырылым өткізді. Қонақтарға мекеме ішіне экскурсия ұйымдастырылып, Rebless Planar құрылғысының жұмысы көрсетілді. Іс-шара соңында дөңгелек үстел отырысы өтіп, Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы медициналық ынтымақтастықты тереңдету жайы талқыланды.

Бұл оқиға — екі ел арасындағы достықтың, ал озық технология мен адам саулығына деген ортақ қамқорлықтың жарқын дәлелі.

Гаухар АСАНҚЫЗЫ,
Айғаным СӘКЕНҚЫЗЫ

ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖЕР – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында заңсыз берілген жерлерді оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекет меншігіне қайтаруды тапсырды. Сондай-ақ Президент жер саланың инвестициялық тартымдылығының негізгі элементі екенін баса атап өтті.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

«Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтарылуға тиіс. Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрады. Ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ», — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бұл бағытта Жамбыл облысында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

2025-2027-жылдары пилоттық жоба аясында Жаһандық экологиялық қор қаражаты есебінен Талас және Сарысу аудандарында 5 мың гектар жайылымдық жерді жақсарту жоспарлануда.

Ал биылғы жылдың үш айында 11,7 мың гектар пайдаланылмаған және заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылып отыр. Мемлекет меншігіне қайтарылған жайылымдар жергілікті тұрғындардың мал жаюы үшін ауылдық округтерге бекітіліп, қалған жерлер конкурс арқылы тапсырылуда.



Биылғы жылдың бірінші тоқсанында бес конкурс ұйымдастырылса, оның қорытындысы бойынша айналымға 12 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлері енгізілген.

Қазір елді мекендердің аумақтарына қосылған босалқы жерлердің жалпы қоры 378 мың гектарды құрайды. Осылайша, елді мекендердің жер көлемі 363 мың гектардан 741 мың гектарға дейін өсіп отыр. Алдағы уақытта оның көлемін тағы 20 мың гектарға ұлғайту жоспарлануда.

Бүгінде Жамбыл облысындағы 41 елді мекеннің 17-сінде жайылым тапшылығы мәселесі шешілген. Ал 9 елді мекенде биылғы жылдың соңына дейін бұл түйткілдің түйіні тарқамақ. Алайда 15 елді мекенде халық тығыздығы мен қала шетіне жақын орналасқандықтан жайылым тапшылығы мәселесін толық шешу мүмкін болмауда.

Негізі «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарын сақтай отырып, биыл облыстың барлық аудандарында жайылымдарды басқару және пайдалану жоспарлары бес жылға қайта бекітіледі. Қазір Талас, Жамбыл, Меркі және Сарысу аудандары бойынша жоспарлар айқындалған.

Міне, осылайша мемлекеттік жерді майшелпекке айналдырғысы келгендердің мәселесі майшаммен қаралуда. Бұл, әрине жайылым аумағын кеңейтіп, бұқара үшін қолайлы жағдай туғызатыны анық. Ал одан халық ұтпаса, ұтылмасы айқын.

Театр өнері – әр халықтың рухани дамуына, құндылықтарының қалыптасуына, қоғамдық пікіріне елеулі ықпал ететін мықты құрал. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық-драма театры жанындағы Qalleki шығармашылық зертханасы да батыл тәжірибелерімен жұртшылықты қуантудан шаршаған емес.



«ШЕҢБЕРДЕН»

ШЫҚҚАН ШЫНДЫҚ



Жақында Qalleki театр лабораториясы «Шеңбер» атты қойылымның премьерасын ұсынды. Бұл спектакль – Бертольд Брехт-тің әйгілі туындысына айналған «Кавказдағы борлы шеңбер» пьесасының желісіне негізделген эпикалық драма. Зұлқарнай Сақиұлының қазақ тіліне тәржімалаған еңбегін режиссер Ұлан Қабыл сахналап, режиссерлік талантын тағы да бір мәрте паш етті. Қойылымның жаңашылдығы – оның эпикалық драма үлгісінде болуы. Бір жағынан қазақ сахнасымен көрермендерге ыңғайлана отырып түрленген. Екінші жағынан бастапқы мәнерін сақтауға тырысқан. Сонымен қатар Брехттің эпикалық үлгісі жаңғырғанын танытады.

«Шеңбер» қойылымының көрерменге жолдайтын ең басты ойы – әділдіктің шынайы бетпердесі жалған көзбояушылыққа емес, жүректен шыққан ақиқат сезімге жақтасуында екенін таныту. Сондай-ақ туындының көрерменге үстейтін мәні – ана болу тек туыстықпен емес, махаббатпен және қамқорлықпен өлшенетін құнды сезім. Нағыз әділдік

заң ережесін ғана емес, адамдардың адамгершіліктерін назарға алады.

«Шеңбер» қойылымын өзге қойылымдардан ерекшелейтін бірнеше артықшылық бар. Ең біріншісі – қойылымның эпикалық мәнері. Көрермен кейіпкерлерге қатысты аяныш, жек көру, жақсы көру сезімдерін сезініп қана қоймай, туындының астарына зер салады, ойланады. Екіншісі – философиялық тереңдік. Қойылымда ақ пен қараны бөлу жоқ, бұл шығарма желісінің жақсылық пен зұлымдық арасындағы классикалық қатығыстардан

айырмашылығын аңғартады. Үшіншісі – шеңбердің символ ретінде алынуы. Шеңбер тандаудың, тағдырдың, шындықтың метафорасына айналады. Төртіншісі – қойылымның заманауи өмірге бейімделуі. Режиссер Ұлан Қабыл шығарманың бастапқы рухын сақтай отырып, қойылымды қазақстандық көрерменге түсінікті және өзекті етіп ұсынады.

Қойылым оқиғасы соғыс уақытында өрбиді. Патша өлген соң, патшаның әйелі құнды мүліктерін алып, баласын тастап кете барады. Негізгі кейіпкер



«Шеңбер» қойылымының көрерменге жолдайтын ең басты ойы – әділдіктің шынайы бетпердесі жалған көзбояушылыққа емес, жүректен шыққан ақиқат сезімге жақтасуында екенін таныту.

Груша – мейірімді, батыр жан. Ол тастанды баланы өз панасына алып, оған туған анасы бермеген жылулық пен қамқорлықты, махаббатты береді. Екі ананың ортасында қалған баланың шынайы анасы кім екенін бормен сызылған шеңбер арқылы анықтаған Аздак әділ соттың жаршы-

сыни көзқараспен қарауға шақырады.

Қорыта айтқанда, режиссер Ұлан Қабылдың «Шеңбер» қойылымы – терең ойлы, тәрбиелік мәні зор, адам болмысына үнітетін тың туынды. Бұл қойылым оқиғаны кейіпкерлер арқылы көркем баяндап қана қоймай, әлемге махаббат, мейірімділік, әділдік пен жанашырлық шеңберінде қарауды үстейтін толымды шығарма.

Сымбат КАМЕШОВА,
Мақсұт Нәрікбаев атындағы университеттің 3-курс студенті

«Айкын-Литер» ЖШС ұжымы белгілі журналист **Диас АХМЕТШӘРІПТІҢ** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы, туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



AIQYN

Меншік иесі – «Айкын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айкынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4596
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
төлі: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
төлі: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,